Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 30 (1189)

02.08.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

БРИФИНГ

«ТӘУЕКЕЛ КАРТАСЫ» ЖЕМҚОРДЫҢ ЖОЛЫН БӨГЕЙДІ

ҚОҒАМДЫ АЛАҢДАТЫП, МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ТҰСАУ САЛЫП ТҰРҒАН ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕЙТІН ЖЕГІ ҚҰРТ ЖОЙЫЛМАЙ ТҰР. ЖЕЛІНДЕГЕН ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАУЛАМАҒАН САЛА ҚАЛМАДЫ. ЖЕТІБАСТЫ АЙДАҺАРДАЙ ЫСҚЫРҒАНДАР ТҮРЛІ АЙЛА ШАРҒЫЛАРҒА БАРЫП, БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН МИЛЛИОНДАП ЕМЕС, МИЛЛИАРДТАП ЖҰТЫП ЖҮР.

Пара беріп, пара алып, жеке бастың мүддесін күйттегендер торға түскен торғайдай топырлап бірінен кейін бірі ұсталуда. Жемқорлыққа қарсы заң да қатқылданып жатыр. Бірақ одан ығып отырған жемқорлар жоқ, ашкөздер арасында кімдер жоқ дейсіз. Денсаулық, Білім, Спорт, Әлеуметтік сала, қыл аяғы көшеге асфальт төсеу, кеден бекеті, айта берсең ащы ішектей шұбатылып кете береді. Күні кеше ғана Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Ахметжанов Саян Қылышұлы ақпарат құралдары өкілдерімен жүздесіп, бойларына құрық бойламайтын жемқорлардың жолын бөгеуде «антикордың» атқарып жатқан жұмыстары жайлы кеңінен толғады.

– *«Тәуекелдер картасы» арқылы қылмыстың жолын кесуде тиімді шаралар жүзеге асуда. Өңір халқы үшін неғұрлым сезімтал салалардағы тәуекелдерді болдырмауға және бюджетке келтірілген залалдың алдын алуға бағытталды*, – деген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысы Саян Ахметжанов сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасына 9 сала енгізілгенін айтты.

– *«Тәуекел картасы» бағытымен жемқорлық дендеген денсаулық сақтау саласында 27 медициналық мекеме басшылығынан 400 млн. теңге сомасына заңсыз үстемақылар алынып тасталды. Ебін тапқандар екі асаған денсаулық «басшыларының, орынбасарлардың және бас бухгалтерлердің лауазымдық жалақыларының бекіту туралы» жыл сайын шығаратын жалақы мөлшерінің күші жойылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жетісу облысы бойынша департаментінің ұсынысы бойынша Денсаулық сақтау министрлігі бірыңғай әдістеме әзірлеуде. Біздің хатымыздың негізінде АӘК Төрағасының бірінші орынбасарының қолымен денсаулық сақтау министрлігіне хат жолданды*, – дейді департамент басшысы.

Бюджет қаржысын жымқырудың ұясына айналған білім беру саласындағы 8 колледждің қызметінде басқарушы персоналға 80 млн. теңге (79,2 млн.) сомасына көтерілген жалақылар мен үстемеақылардың заңсыз төлемдері анықталған. Сарқан ауданының білім бөлімінің бухгалтері Қазпошта арқылы ақша қаражатын ұрлаудың қылмыстық схемасын құрыпты. Оған 1,6 млрд. теңге жымқыруға айып тағылып отыр. 190,2 млн. теңге мүлікке тыйым салынды. Бұл іс республика бойынша масштабталып, ауданның Қазпошта басшылығы да қылмыстық іске қатысты жауапкершілікке тартылып жатқаны көрінеді. Бұл бағытта Қазпошта және Фаворит ақпараттық жүйелерін интеграциялау туралы ұсыныс енгізіпті. Бұл – ұрлықты азайтуға мүмкіндік береді деген Саян Қылышұлы бюджет қаражатын ұрлаған Талдықорған қаласындағы 21 мектептің бухгалтеріне қатысты сот үкімі шыққанын да мәлім етті.

Айтақын МҰХАМАДИ

Жалғасы 2-бетте

АҢДАТПА

КӘСІБІ-НӘСІБІ 4-бет

АЙНҰР СПИКЕРДІҢ» ТІЛ ҮЙІРЕР ТОРТЫН ЖЕП КӨРДІҢІЗ БЕ?

СҰРАҚ-ЖАУАП 7-бет

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН АҚША ТҮСПЕСЕ, АТА-АНАЛАРҒА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСЬ 10 стр



НОВУЮ ПЕРЕПИСЬ ПРОВЕДУТ В КАЗАХСТАНЕ

XXXIII ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА 15-бет

ҮШ КЕМІПІРОВТЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

«ТӘУЕКЕЛ КАРТАСЫ» ЖЕМҚОРДЫҢ ЖОЛЫН БӨГЕЙДІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Осы ОПГ қатысушылары білім беру саласында нақты жұмыс істемеген. Жеке тұлғаларға, сондай-ақ өздерінің жеке шоттарына жалақыны заңсыз аудару жолымен 4,5 млрд. теңгеден астам қаражатты жымқырған. Сот сотталушыларды кінәлі деп тауып, 7 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарған.

Жемқорлық тамыр жайған тағы бір сала әлеуметтік қолдау орталығы мүгедектікті белгілегені және ұзартқаны үшін облыстың еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаментінің бөлім басшысы тарапынан жүйелі пара алып келгені әшкереленген. Қылмыстық істі зерделеу негізінде осындай тәуекелдерді жою жөнінде ұсыныстар енгізіліпті. Бұдан бөлек, фискалдық салада Қазақстан-Қытай шекарасындағы әлеуметтік шиеленіс алынып тасталған. Кәсіпкерлерге шетелдік рұқсат бланкілерін тікелей өткізу пункттерінде беру қамтамасыз етілгені де тілге тиек етілді.

– *Біздің бастамамыз бойынша көлік министрлігі еліміздің барлық шекара маңындағы өткізу пункттерінде (РФ, Қырғызстан және Түрікменстан) осындай тетікті енгізу бойынша жұмысты бастады. Сондай-ақ, экология саласында, Сібір жаралы жерлеу бөлігінде биылғы жылы 33 иесіз объектілердің 20-сы жергілікті атқарушы органдардың балансына берілді, алты аудан әкімдіктері жерлеу бойынша санитарлыққорғау аймақтарын белгіледі. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда*, – деген департамент басшысы жемқорлықтың жолын кесуде Талдықорған қаласының бірқатар көшесі бойынша жолдар саласында 2025-2026 жылдарға арналған сметаға 351,7 млн. теңге сомасына жұмыс істемейтін жұмыс көлемін енгізу фактілері анықталып, оларды өзге көшелерді жөндеуге қайта бөлу қамтамасыз етілгенін де айтты.

Матай станциясының автожол учаскесін жөндеуді жедел сүйемелдеу шеңберінде 578,8 млн. теңге сомасына жұмыстардың орындалмағаны анықталған.

Жемқорлық спорт саласында айналып өтпепті. Мәселен, 2,5 млрд. теңге сомасына бірқатар спорт ұйымдарында заңсыз жалақылар мен үстемеақылар түрінде бюджет шығындарының алдын алынған, «Жетісу» футбол клубы 1,7 млрд. теңге, «Жастар» ойын спорт түрлері клубында – 700 млн. теңгеден астам (737 млн.); спортты дамыту дирекциясында – 80 млн. теңгеден астам (84 млн.) әшкереленген. Тексеру комиссиясының актілері бойынша көрсетілген қаражатты бюджетке қайтару бойынша жұмыс жүргізілуде.

– *Осы бағытта, «азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Үкіметтің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес спорт ұйымдарына ақы төлеу қорын қалыптастыру қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, «Жетісу» ФК басдиректоры Донсебаев пен спорт директоры Иманқұловқа қатысты тергеу аяқталуда. Оларға бюджеттен жымқыру айып тағылуда 47,5 млн. теңге залал толық көлемде өтелгенін мәлімдеді. Жемқорлықтың иісі аң-қыған тағы бір сала «Бизнеске жол» жобасы аясында 3 мыңға жуық ШОБ субъектілерінің құқықтары қорғалып (2 964), мемлекеттік сатып алу мониторингімен 301 млн. теңге үнемделіп, әкімшілік жауапкершілікке 10 адам тартылды*, – дейді С. Ахметжанов.

Жемқорлардың жолын кесуде «Тәуекел картасы» аясында бірінші жартыжылдықта қамтылмаған салаларға баса назар аудара отырып, алдағы кезеңге арналған міндеттер мен өңірдің тәуекелдер картасы бойынша жұмыс та айқындалды. Өз сөзінде департамент басшысы жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу мақсатында өңірде автожолдар салу мен жөндеуді мониторингтеуді және жедел сүйемелдеуді жалғастырылатынын айтты.

Айтақын МҰХАМАДИ

ӨНДІРІС

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫН ДАМЫТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

ҚАЗАҚСТАНДА АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН САЛУ ЕЛІМІЗДІҢ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫ ТҰРАҚТЫ ЭЛЕКТРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ БОЛА АЛАДЫ.

Ол сондай-ақ атом энергетикасы саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге көмектесе алады.

Қазақстанның айтарлықтай уран қоры бар, бұл оны атом электр станциясын салу үшін тартымды орынға айналдырады. Сонымен қатар, елде атомдық технология бойынша тәжірибе бар, бұл зауытты салу және пайдалану үдерісін жеделдете алады.

Атом электр станциялары электр станцияларының кейбір басқа түрлерімен салыстырғанда энергияның экологиялық таза көзіне айналуы мүмкін. Олар парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға көмектесе алады. Заманауи технологиялар апаттар мен олардың зардаптарының ықтималдығын төмендететін қауіпсіздік деңгейі жоғары атом электр станцияларын салуға мүмкіндік береді.

Атом электр станциясының құрылысы – ұзақ жылдар бойы еліміздің дамуы үшін тұрақты энергетикалық базаны қамтамасыз ете алатын ұзақ мерзімді жоба. Қазақстанның атом энергетикасын дамытуға қатысуы еліміздің әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялануына және халықаралық нарықтағы позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ БИЫЛҒЫ 1 ТАМЫЗДАН 30 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ОСАЛ ОТБАСЫЛАРДАН ШЫҚҚАН 24500-ГЕ ЖУЫҚ БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНА ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕН 1 МЛРД. ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ.

16 МЫҢНАН АСТАМ БАЛАҒА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

«Мектепке жол» акциясы аз қамтылған, көп балалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету мақсатында жыл сайын тұрақты ұйымдастырылады.

«Мектепке дайындық үшін қайырымдылық көмек көрсетуге әлеуметтік осал топтағы 16 500 баланың тізімі жасалды. Сонымен қатар, Үкімет қаулысына сәйес әлеуметтік жағынан осал отбасыларының 24 453 баласын киім-кешек, кеңсе тауарларымен қамту мақсатында жергілікті бюджеттен 1 млрд. 61 млн. теңге қаражат бөлінді, яғни 1 балаға 43 407 теңгеден бөлінген. Қаражат ата-аналардың карточкалық есепшоттарына 10 тамызға дейін толық аударылады», – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов.

Сол сияқты акция аясында облыстағы аудан орталықтары мен қалалардың орталық және ірі сауда орындарында мектеп тауарларын төмендетілген бағамен сататын мектеп жәрмеңкелерін өткізу жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

РАССКАЗАЛИ О МОДЕРНИЗАЦИИ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ВЕРХОВНОГО СУДА АСЛАМБЕКА МЕРГАЛИЕВА.

Президент принял председателя Верховного суда Асламбека Мергалиева. Касым-Жомарт Токаев был проинформирован об актуальных вопросах отправления правосудия и мерах по дальнейшей модернизации судебной системы, сообщает пресс-служба Акорды.

Главе государства сообщили о цифровизации судебной системы и автоматизации процесса по бесспорным делам об административных правонарушениях.

Как отметил Асламбек Мергалиев, наблюдается рост количества примирительных процедур по гражданским и административным делам.

По итогам встречи Касым-Жомарт Токаев указал на важность повышения качества судебных кадров, усиления судебной защиты граждан, обеспечения верховенства закона и повышения доверия к судам.

ПАРИЖ-24

ЕЛДОС СМЕТОВ ОБРАТИЛСЯ К КАЗАХСТАНЦАМ

ОЛИМПИЙСКИЙ ЧЕМПИОН ПО ДЗЮДО ЕЛДОС СМЕТОВ ОБРАТИЛСЯ К КАЗАХСТАНЦАМ СО СЛОВАМИ БЛАГОДАРНОСТИ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

«Я — олимпийский чемпион! К моему набору медалей не хватало только этой медали. До этого я дважды видел эту медаль с обеих сторон… И вот теперь “золото” Олимпиады — моё. Я приехал в Париж, чтобы завоевать только “золото”. Моя мечта сбылась… Я счастлив! Я вижу ваши поздравления и теплые слова, которые получаю на протяжении нескольких дней… Большое спасибо! Ваша поддержка, поддержка казахского народа для меня всегда ценная, и в каком бы уголке мира я ни боролся, я это чувствую», — написал Елдос Сметов на своей странице в Instagram*.

На Играх в Париже Елдос Сметов стал олимпийским чемпионом и принёс Казахстану первое «золото», выиграв соревнования в весовой категории до 60 килограммов.

ЗАКОНОПРОЕКТ

МИНИМАЛЬНАЯ ЗАРПЛАТА МОЖЕТ СОСТАВИТЬ 130 ТЫСЯЧ ТЕНГЕ

Правительство Казахстана намерено ратифицировать «Конвенцию об установлении минимальной заработной платы с особым учетом развивающихся стран (Конвенция 131)». Соответствующий законопроект Кабмин РК разместил для публичного обсуждения на сайте «Открытые НПА», сообщает Zakon.kz.

Если законопроект будет принят, минимальная зарплата в Казахстане (МЗП) сразу вырастет до 129 731 тенге и 50 тиынов с дальнейшем повышением.

Откуда же взялась указанная цифра в 129 731,5 тенге? Для того, чтобы ответить на этот вопрос, необходимо внимательно посмотреть саму Конвенцию об установлении минимальной зарплаты с особым учетом развивающихся стран (Конвенция 131), которая была принята на генеральной конференции Международной организации труда (МОТ) 3 июня 1970 года.

В конвенции сказано, что факторы, которые учитываются при определении уровня минимальной заработной платы, включают, насколько это возможно и приемлемо в соответствии с национальной практикой и условиями:

- потребности работников и их семей, принимая во внимание общий уровень заработной платы в стране, стоимость жизни, социальные пособия и сравнительный уровень жизни других социальных групп;

- экономические соображения,

включая требования экономического развития, уровень производительности и желательность достижения и поддержания высокого уровня занятости.

Также документ поясняет:

— минимальная заработная плата имеет силу закона и не подлежит понижению;

— неприменение этого положения влечет за собой соответствующие уголовные или другие санкции в отношении ответственного лица или лиц;

— при условии соблюдения положений пункта 1 настоящей статьи полностью уважается свобода ведения коллективных переговоров.

В пояснительной записке к законопроекту, подписанной премьер-министром Республики Казахстан Олжасом Бектеновым, указано, что основанием принятия проекта является приведение в соответствие с перспективным планом заключения международных договоров Республики Казахстан на 2025−2027 годы.

«Ратификация конвенции обеспечит дальнейшее внедрение международных стандартов в части установления минимальной заработной платы и подтвердит приверженность Казахстана соблюдению и выполнению международных норм в данной области», — говорится в пояснительной записке.

В настоящее время конвенцию ратифицировали 54 государства — члена МОТ. Из государств СНГ документ подписали Армения и Азербайджан.

«Целью настоящей конвенции является установление минимальной заработной платы, охватывающей все группы работающих по найму, условия труда которых делают применение такой системы целесообразным. Настоящая конвенция распространяется на все отрасли экономической деятельности и на все категории трудящихся», — поясняет правительство РК.

Теперь о том, почему минимальная заработная плата в РК составит именно 129 731,5. Как рассказала экономист Анель Давлетгалиева, подходы определения МЗП зависят от особенностей экономики страны, специфики рынка труда и других факторов. Мировая практика для оценки адекватности МЗП использует различные показатели. Наиболее распространенным является индекс Кейтца (отношение МЗП к медианной заработной плате), который МОТ рекомендует на уровне 50%.

Многие страны этот показатель увеличивают. Например, в Португалии индекс Кейтца составляет 70%, в Польше — 63%, в Боливии — 66%, в Чили — 66%, в Эквадоре — 88%.

В Казахстане долгое время МЗП устанавливалась на уровне прожиточного минимума, и только в 2019 году она была определена на уровне выше прожиточного минимума — 42,5 тыс. тенге.

Из-за отсутствия четкой методологии ее определения МЗП значительно отставала от медианной заработной платы по стране и не учитывала реальную ситуацию в экономике. Так, в Казахстане индекс Кейтца в 2023 составил всего 32,76%.

Таким образом, если правительство РК присоединится к Конвенции 131, индекс Кейтца в нашей стране должен составить не менее 50% от медианной зарплаты. А в начале 2024 года медианное значение заработной платы в Казахстане составило 259 463 тенге.

Делим указанную цифру пополам, получаем 129 731,5 тенге.

Ранее мы рассказали, как выросла зарплата в Казахстане за последние 10 лет и какие зарплаты предлагают казахстанцам на электронной бирже труда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

«АЙНҰР СПИКЕРДІҢ» ТІЛ ҮЙІРЕР ТОРТЫН ЖЕП КӨРДІҢІЗ БЕ?

КӘСІП АШЫП, НӘСІБІН ҰЛҒАЙТЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАР АЗ ЕМЕС. АЛАЙДА, КӘСІПТІ ИГЕРІП КЕТУ ЕКІНІҢ БІРІНІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕЙДІ. БҰЛ, ӘСІРЕСЕ, АЙЛЫҚТАН-АЙЛЫҚҚА ӘРЕҢ КҮНЕЛТІП ЖҮРГЕН ЖАСТАР ҮШІН ҮЛКЕН АРМАНҒА АЙНАЛҒАН. АЛ «ТӘУЕКЕЛ ТҮБІ ЖЕЛ ҚАЙЫҚ, МІНЕСІҢ ДЕ КЕТЕСІҢ» ДЕГЕНДЕЙ, ШАҚШАДАЙ БАСЫН ШАРАДАЙ ЕТІП, ТҮРЛІ ИДЕЯСЫН ТҮРЛЕНДІРЕ ОТЫРЫП КӘСІП АШҚАНДАРДЫҢ БІРІ – КӨКСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ АЙНҰР БОЛАТХАНҚЫЗЫ.

Қолынан шыққан тәтті торты тіл үйірген Айнұр қыздың тегі менімен аттас болғанына қайранмын. Айнұр Бұлғақованың тәттілер дайындайтын орны аудан орталығындағы «Айтуби» көшесінде орналасқан. Алдымыздан қарақаттай қара қыз шығып, күлімдеп қарсы алды. Жанарынан от шашып, қабағынан күн көрінген арудың жұмыс орнына бас сұқтық. Даладағы аптап ыстықтан алқынып торт пісіретін ғимаратқа кіргеніміз-де бейнебір «Теміртаудағы болат балқытатын өндіріс орнына кіргендей күй кештік» десем асыра айтты демеңіз... Бізді қарсы алған қара қыз да мұсылман жолында жүргендей бүркеніпті. Тойға піскен тоқаштай онын бізге деген ықыласы да ыстық болды. Құдай жылылықтан айырмасын, суысқандар онсыз да көп қой деп танысып біліскенше Айнұр да салқындатқышты іске қосты. Арадағы жеке таныстық пен білістіктен кейін әңгімені Айнұр сұлудың кәсіп ашудағы жолына бұрдық.

Айтуынша, жеке кәсіп ашуды көптен бері ойластырып жүріпті. Бұл салаға келгенге дейін балабақшада тәрбиешілік қызмет атқарып, кәсіп ашуды көп ойланып барып, қолға алған. Бүгінде шағын бизнесін диірменнің тасындай дөңгелетіп отыр.

2020 жылы әлемді жайлаған тажал «ковид» індеті өршіген тұста торт жасап сатуды қолға алыпты. Кәсіптің алғашқы бастауын үйден бастаған кәсіпкердің қолынан шыққан тәтті де дәмді тортқа сұраныс артып, сатып алушылар көптеп келе бастаған. Тортқа деген сұраныстың күн санап артқанын аңғарған жас кәсіпкер осы кәсіппен түбегейлі айналысуға бел буа кіріседі. Құдай қосқан қосағы Ермек Саматұлымен ақылдасып «Айтуби» көшесінің бойынан екі бөлмелі шағын ғимаратты жалға алып, құрал-жабдықтармен жабдықтап, кәсібін кеңейтуге мүмкіндік алады. Жаңа кәсіп бастағандарға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулардан шет қалмай, байқауға қатысып, ең алғаш 180 мың теңге ұтып алып, оған тоңазытқыш және тәтті тағамдар пісіретін пеш сатып алады. Қосымша тапқан табысынан тағы да тиісті құралдарды толықтырады.

«Кәсіпте өзімді қамшылап келемін. Әрі жасаған тәттілерімнің тез өтуін қалаймын. Себебі тез бұзылып кетеді. Сондықтан тапсырысты ретіне қарай жасап, тұтынушыларға дер кезінде жеткізіп тұрамын. Өндірген өнімнің сапасы көңіл көншіткендіктен аудан көлеміндегі елді мекендерден де тапсырыс берушілердің саны артып келеді. Той-томалақ кезінде қарбаластан қолымыз босамайды. Бұрын аудан ішінде ғана тапсырыс қабылдасақ, қазір Талдықорған қаласынан да тапсырыс берушілер артты. Ертеден кешке дейін осы шағын цехта отқа күйіп, өз маңдай теріммен тапқан адал табысыма дән ризамын. Жолдасым спорт мектебінде дзюдодан жаттықтырушы. Төрт балам бар, үлкені 16 жаста, барлығының да кондитерлік кәсіпке икемі бар. Бос уақыттарында маған келіп көмектесіп, жәрдем көрсетеді», – деген Айнұр қыз күн сайын әзірленген торттың бірнеше түрі жақсы өтетінін де тілге тиек етті.

– *«Сәлем» дүкеніне және Талдықорғандағы «Ақсарай» мейрамханасына торт апарып тұрамыз, келіп алып кететін кісілер де көп,* – дейді ол.

Мен – Бұлғақова Айнұр Болат-ханқызы, (өз тегім Шаймерденова) 23.04.1988 жылы Ескелді ауданы Алдабергенов ауылында дүниеге келгенмін. 1994-2005 жылдар аралығында Матай Байысов орта мектебінде оқып, Көксу ауыл шаруашылық колледжінде аграном мамандығы бойынша диплом алдым. Кейін Алмат қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік университетіне сырттай оқуға түсіп, Көксу ауданында тәрбиеші, әдіскер болып жұмыс жасадым. Үшінші мәрте ана атанғанымда кондитер боламын деген шешімге келдім. Қазіргі таңда төрт баланың анасымын.

Кәсіптің қыр-сырын меңгерген Айнұр өңірдегі кәсіп ашқысы келетін жастарға өз тәжірибесімен бөлісіп, оларды оқытып, үйретіп отырады екен.

«2023 жылдан бастап «Айнұр кондитер» атты үш айлық оқыту курсын ашып, 10 оқушыны оқытып, оларды жұмыспен қамтудамын. Қазір цехта өзіммен бірге жанымда 4 жұмысшы бар. Жалақысы күніне 7 мың теңге, айына 210 мың теңге табыс табады. Қажетті шикізатты Алматыдан алып келеміз, қалған керекті «кілегей», «сгущенка» сияқты өнімдерді «Нұрым» дүкенінен аламыз», – дейді Айнұр Бұлғақова.

Кәсіптен нәсіп тапқысы келген әрбір адам ерінбей, жалықпай, көргенін көңілге түйіп, оқып үйренуі тиіс. Бұл жас кәсіпкер Айнұрдың берік ұстанымы.

Кейіпкеріміз болашақта жалға алып отырған жерді ақы-иесі келіссе сатып алып, үлкен ғимарат салуды жоспарлап отыр. Қол астындағы жұмысшылардың да санын арттырып, тәтті тағамдардың түр-түрін пісіріп сатуды алдына мақсат етіп қойған. Қазірдің өзінде сатып отырған өнімдері «вупи пай», «молочная девочка», бисквит», «микс» және тарыдан «пирог» аудан халқының сұранысында. Болашақта үлкен ғимарат салып, заманауи техникалармен жабдықтап, аудан ғана емес, Талдықорған қаласын да тәтті тағаммен қамту ойы барын да жасырмады кондитер. Себебі сапалы өнімге сұраныс әр уақытта бар. Аудан ішінде тұрғандықтан торттың бағасы аса қымбат емес, кішілері – 2300 теңге болса, үлкен торттың бағасы – 3600 теңге.

«Өнім өндіргеннен кейін тұтынушылар талғамына сай болғанын қалаймыз. Торттың дәмді болғанынан бөлек оны безендіру, түр-түсін құбылту, әрі қаптамасына дейін назар аударамыз. Торттың сыртқы қорабын Алматыдағы «Фаруст» деген фабрикадан екі аптада бір барып 800-1000 данаға дейін тапсырыс беріп алып келеміз», – деген бармағынан бал тамған жас кәсіпкердің алда талай белесті бағындыратынын бүгінге дейінгі қам-қарекетінен байқауға болады.

Өзімде ғана болмасын, өзгелер де осы кәсіпті меңгерсін деген қазақтың қарапайым қара қызының іскерлігіне тәнті болдық. *«Тойларда үлкен қылып «30х40» пирогтарын жасаймыз»* деген Айнұр алғаш бұл жерді ашқанда «Көксу кулинария» деген атаумен бастапты. Кейін бір қыз «Айнұр спикер» десеңіз әдемі естіледі деп ұсыныс айтып, қазіргі күні осы атаумен жұмысын дөңгелетуде. Кондитер онлайн түрде тұтынушылар тарта білудің қыр-сырымен де бөлісті. Айтуынша, көптеген мейрамханадан тәтті тортқа сұраныс алады, сонымен қатар шама-шарқына қарай қайырымдылық жасап тұратынын да жасырмады.

Талдықорған қаласынан да жер алып кәсібімді жандандырсам деген қара қыз әңгіме желісінде кәсіпті бастау қиын болғанын, алғашқы үш ай жалғыз өзі пештің жалына күйіп жүріп торт пісірген күндерін еске алды. Бес жыл оқып алған дипломымен балабақшада істеген жұмысын тастап, кәсіпкерлікке ден қойып, өзіне де, өзгеге де жұмыс беріп отырған қара қыздың қайсарлығына біз де дән риза болдық.

«Жылқы баласы кісінескенше, адам баласы сөйлескенше» демекші, мақаламызға арқау болған кейіпкеріміз айтыстағы Айнұр емес, Көксудағы тәтті торт пісіретін Айнұр. Ел ішіне «Айнұр спикер» ретінде танылған сұлу қыздың қолымен жасаған тортын жеп көрдіңіз бе? Көрмесеңіз, тіл үйірер тортынан алыңыз, өкінбейсіз...

Айтақын БҰЛҒАҚОВ
КӨКСУ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

СУСЫЗ ӨМІР ЖОҚ, СУДАН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

БАТЫС ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ӨҢІРЛЕРДЕ БОЛҒАН КӨКТЕМДЕГІ СУ ТАСҚЫНЫ ОҢТҮСТІК ӨҢІРЛЕРДІ ДЕ ШАРПЫП ӨТТІ. ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН АПАТЫ ДЕСЕК ТЕ ТІЛСІЗ ЖАУ ЖАЙБАСАРЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙТІНІН ТАҒЫ БІР КӨРСЕТКЕН БОЛАТЫН. ОНЫҢ ҮСТІНЕ БИЫЛҒЫ ЕРТЕ КӨКТЕММЕН БАСТАЛҒАН ЖАУЫН-ШАШЫН ШІЛДЕ АЙЫ БІТКЕНШЕ ЖИІЛЕП ЖАУЫП ТҰРДЫ.

Елді мекендер тұрмақ қаланың ішіндегі көше суларын кешіп жүргендер аз болған жоқ. Арық-тоғандар мен су жүретін арналардың бітеліп қалуы, не болмаса кезінде салынған құрылыс жүйелерінің көзбояушылыққа баруынан ағынды сулар жауынмен араласып топан суға айналып кету қауіпінің алдын алу шаралары қай деңгейде жүріп жатыр? Төтенше жағдайға қала және маңайдағы елді мекендер қаншалықты дайын? Одан бөлек, егістік алқаптардағы су жүйесінің түйткілді мәселелері қалай шешілуде? Осы сауалдар төңірегінде Талдықорған қаласы мен Ескелді және Көксу аудандарының әкімдігінен алынған ақпаратқа көз жүгіртелік.

2002 жылдан бастап облыс орталығына айналғалы Талдықорған қаласы күнненкүнге іргесін кеңге жайып келеді. Сәулетті ғимараттар мен көпқабатты тұрғын үйлер салынып, шағын аудандар саны артуда. Одан бөлек, бұрын қала есебіне кірмейтін саяжайлар да біртіндеп, кезең-кезеңімен қаланың балансына алынып, жол, мектеп, ауыз су, газ, электр жүйелері тартылып, көпірлер салынуда. Шаруашылықпен айналысып жатқан Өтенай, Еркін ауылдық округіне қарасты аймақтарда егістік және мал шаруашылықтары бар. Жалпы, қаланың арық желілерінің ұзындығы 374,6 шақырымды құрайды *(оның ішінде* 195,8 км *темір бетон каналына қарасты,* 178,8 км *жер арнасында және* 710 *арық көпір өткелдері).* Сондай-ақ, ұзындығы 23,7 шақырымды құрайтын 7 шаруашылықішілік *(Кемерашы, Самал, Ынтымақ, Он-Озек, Шығыс, «Шығыс-1», Қаратал)* бас каналдары бар. «Оң көзің сол көзіңе қарауыл болсын» демекші, осы нысандар қала әкімдігінің балансында. 2017 жылы Шығыс, Еңбек, Кемерашы магистральдік шаруашылықішілік арналарына күрделі жөндеу жүргізілген. Дала жұмыстарымен айналысатын шаруаларға бар жағдай жасау басты мақсат. Мәселен, *«Шығыс» каналы* – 6 км, 30 га суармалы жерді, «Кемерашы» каналы – 5,1 км, 556 га, «Еңбек» каналы – 7,5 км, 606,9 га суармалы жерді сумен қамтамасыз етеді. 2020 жылы Ынтымақ магистральдік шаруашылықішілік каналына күрделі жөндеу жүргізілген. Ұзындығы 3,9 км, 60 га суармалы жерді сумен қамтамасыз ету үшін бүгінгі таңда бұл каналдардың арналарын тиісті дәрежеде ұстауда қала әкімдігі «Қазсушар» РМК балансына беру үшін құжаттар дайындалып жатқан көрінеді. Жалпы, каналдар арқылы жүретін судың жылдық шығыны 17 млн. м^3 құрайды. Ал 2024 жылы қалаға суармалы су алу үшін төлем 20,8 млн. теңгені құрайды. Мәселен, 2023 жылы 2,5 шақырым арық желісін қайта жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілген.

Су шаруашылық үшін аса қажет болса, одан келетін қауіпқатер де назардан тыс қалмауы керек. Себебі, от пен су – тілсіз жау. Сондықтан өзендер мен арықтардың, каналдардың арналарын жылма-жыл тазалап, тиісті шараларды атқарып отырмаса, оның арты үлкен апаттарға апаратынын жетісулықтар жақсы білуі тиіс. 2010 жылы «Қызылағаш» су қоймасындағы үлкен апат, су тораптары мен қоймаларына, арық көздеріне жіті қадағалау болмағандықтан адам шығынына жол берілген болатын. Қала әкімдігінің есебі бойынша 10,7 шақырым арықтар желісіне ағымдағы жөндеу жоспарланып отырғанын, қазіргі таңда мердігер ұйымды анықтау бойынша байқау рәсімдері жүргізілуде екен. Сонымен қатар, 2,8 шақырым суару арналарын реконструкциялау мақсатында бір жобаны іске асыру жоспарланыпты.

Арнайы мәліметке көз жүгіртсек, қала ішіндегі 8-9 шағын аудандарда құрылыс жүріп жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің аумағындағы арық желісін көшіруге қатысты (ұзындығы 2,8 шақырым сомасы *134 млн. тг.* 2023 жылы) сараптаманын оң қорытындысы алынып, байқаудың іс-шаралары жүргізіліп жатқаны да белгілі болды. Сонымен қатар, қала аумағында ұзындығы 10,7 км арық желісіне ағымдағы жөндеу жүргізуге «Аякс» ЖШС-мен келісімшарт рәсімделіпті, (*сомасы ҚҚС есебімен* 312 млн. *теңге* болатын) бұл жоба үш кезеңмен жүзеге аспақшы екен.

1- кезең, ұзындығы 3,6 км*, хабарландыру сомасы 95,6 млн. теңге.*

2 - кезең, ұзындығы 3,5 км, хабарландыру сомасы 92,8 млн. теңге.

3 кезең, ұзындығы 3,5 км, хабарландыру сомасы 92,8 млн. *теңге.*

2024 жылы «Автовокзал» учаскесінде жұмыстарды бастау бойынша іс-шаралардың жоспарланып жатқанын әрі арық желісіне қызмет көрсету үшін қайта байқау жарияланған *(конкурстық құжаттаманы толықтыруға байланысты бірінші байқау тоқтатылғанын),* жарияланған сома 54,6 млн. теңгеге бағаланыпты.

Қызмет көрсету шеңберінде қарастырылған жұмыстар бойынша: «Лай мен кірден тазарту», «Ысырманы орнату», «Қоқысты ұстауға арналған торларды орнату 80 дана», «Люктерді орнату 50 дана», «205 м көлбеу (создание уклона) жасау», «30 м көпір өткелдерін ауыстыру жұмыстарына байқау қорытындысы шыққан уақытқа дейін «Жақсымбет» ЖШС мердігерлік ұйымы суды іске қосу үшін дайындық жұмыстарын жүргізіп жатқанын, атап айтқанда бас каналды тереңдету, көпір өткелдерін тазарту жұмыстарын биылғы жылы сәуір айынан бастау алғаны мәлім болды.Ал қала көшелеріндегі арық желісін тазарту жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Арық көздерін ашу, күл-қоқыстардан тазарту қоңыр күзге дейін жалғасын табады. Алайда, Жастар-1 шағын ауданындағы арық жүйесіндегі су арнасынан асып, көшеге жайылып жатқанын көзіміз шалды. Бұған қала әкімдігін айыптаудың еш қажеті де жоқ, сол маңайда тұратын тұрғындар арық көздеріне қарбыздың шапағын, қағаз, тағы басқа да қоқыстарды тастаудың себебінен су ағатын арналар бітеліп, ағын су жағаға жайылуда. Бұл көшеге төселген асфальт жолдың бұзылуына алып келеді. Қала тұрғындары да арық тазалауды әкімдіктің жұмысы деп жобалайтын көрінеді. Бұл қате пікір. Тұрғындар көше бойындағы арық-тоғандарға күл-қоқыс тастамаулары тиіс. Су – тіршілік нәрі, сондықтан оны тиімді пайдалану қажет, қаланың көгалдануына да осы су жүйелері қызмет жасап тұр.

Көксу ауданындағы өндірістік учаскесінде жалпы ұзындығы 767,8 шақырымды құрайтын 81 канал су пайдаланушыларға қызмет көрсетуде. Оның ішінде 261,2 шақырым бетон және 506,6 шақырым жер каналдары бар. Қазіргі таңда каналдардың жай күйі қанағаттанарлық жағдайда, тасқын кезінде каналдарға қауіп қатерлер байқалмаған. Арық-тоғандарға қатысты тазарту ісінде шешімін таппаған мәселелер жоқ, жылма-жыл іс-шаралар жүргізіліп, бақылауда ұсталады.

«Құдай да сақтанғанды сақтайды» демекші, табиғаттың айтпай келетін тосын апаттарына сақадай сай болу басты міндет болып табылады. Төтенше жағдай қызметкерлерімен тізе біріктіріп, алдын ала су жүйелері жүретін каналдарды, арық-тоғандарды, су тораптарын жүйелі бақылауда ұстау қажет. Биылғы Солтүстік, Батыс және Абай облыстарында болған тосын апаттар бұл жұмысқа бей-жай қарамаудағы тағы бір қатаң ескерту болды деген көксулықтар каналдар арқылы егістік алқаптарына баратын судың шығыны өткен жылы 85 410 285 теңгені құрағанын айтады.

Жалпы «Ислам даму банкі» арқылы қарыз есебінде 9 каналға (Науа-тоған, Қызыл-Ауыз, Көктоған, Шекара, Межевой, Жекмет-1 жер тоған, Жекмет-2 лоток, Р-1, Р-3) жалпы құны 7,2 млрд. теңге болатын, ұзындығы 108 шақырым каналды қайта қалпына келтіру жұмыстары басталуда екен. Оның ішінде, 13282 метр Г-блоктары және 51576 метр темір бетон науалары ауыстырылған. (Мердігер компания «Казстройподряд» ЖШС, автор «Гидротехник жоба», техникалық бақылаушы «Temelsu/Suyapi International Engineering Services Inc.» АҚ құрылыс мерзімі 2023-2026 жылы аяқталуы тиіс). Ал арық жүйелерінің жалпы ұзындығы 280 км құрайды. Соның ішінде Балпық ауылдық округі бойынша арық жүйесі 90 км ұзындықты құраса, Балпық би ауылының арық жүйелерін тазалау жұмыстарын жүргізу мақсатында «Туранга KZ» ЖШС 6 480 мың теңгеге келісімшарт жасалған. Қалған 9 ауылдық округ бойынша арық желілерінің тазалығына бюджеттен қаражат қарастырылмапты.

Ескелді ауданы бойынша берілген ақпаратқа көз жүгіртсек, каналдар мен арналардың жағдайы қанағаттанарлық екен.

«*Жыл сайын жоспарлы түрде ағымдағы жөндеу, реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Аудан аумағына тиесілі өзендер бассейндік басқармалардың теңгерімінде, бұл жағдайда Қаратал өзені Балқаш-Алакөл бассейндік басқармасының теңгерімінде. Филиал балансындағы Қаратал өзеніндегі су шаруашылығы объектілерінде тасқын кезінде қауіп-қатерлер биыл болған жоқ. Көктемгі су тасқыны аз болды және филиалдың су шаруашылығы объектілеріне залал келтірмеді, авариялық жағдайлар туын-дамады. Жалпы жағдай үнемі бақылауда. Жыл сайын ағымды жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 2024 жылдың көктемінен бастап бүгінгі күнге дейін механикаландырылған тазарту жұмыстары 163,2 шақырым ұзындықта, бетон жұмыстары 261,1 м^3 көлемде жүргізілді. Жөндеу жұмыстары 14 бірлік гидротехникалық құрылыстарға, 10 бірлік гидрометриялық бекеттерге жасалынды. Барлық өндірістік учаскелер су тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес суармалы су беруде. Вегетациялық кезең қалыпты режимде өтуде. Ал каналдар арқылы егістік алқабына баратын судың жылдық шығыны ауа-райына, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің келісімшарт жасауларына және тарифке байланысты жылдың аяғында есептеліп белгілі болады*», – делінген берілген мәліметте.

Сондай-ақ, әкімдік берген ақпарат бойынша бүгінгі күні Жетісу облысында «Ислам Даму Банкі» қарыз есебінен «Ирригация және дренажды қалпына келтіру» жобалары іске асырылуда екен. Жобалардың негізгі мақсаты – суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуін арттыру үшін су шаруашылығы құрылыстарын қалпына келтіру және бұрын істен шығып кеткен суармалы жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына қайта қосу. Жобалар Ақсу, Көксу аудандарында іске асырылып, Ескелді ауданында аяқталмақ.

Су – тіршілік көзі. Әлем елдерін алаңдатып отырған су мәселесі күн тәртібінен түспеуі тиіс. Бұл бағытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында кеңінен айтқан болатын. Су көздерін тазалау, тораптар мен су қоймаларын әрі өзен көлдердің арналарын, жыра-тоғандар мен каналдарды күтіп ұстау басты назарда болуы тиіс. Қыс қатаң болып, қар қалың түсіп, көктем шыға жер тоңы күрт жібігенде, төтенше жағдайға сақадай саймыз деген өңірлердің шикілігі биылғы көктемде көрініс бергенін, оның арты адам шығынына ұласып, елді мекендегі тұрғындар топан су астында қалғантын. Жетісу өңірі бұл апаттан аман өтті. Ал Алматы облысын біраз дүрбелеңге салғанын ел ұмыта қойған жоқ. Ендеше, сусыз өмір жоқ, судан келер қауіп көп екенін де естен шығармайық.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 5 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.25 «Шебер»
06.30, 03.50 «Інжу-маржан»
07.00 «Ауылдастар»
07.25 Технократтар талқысы
08.20 «Алдар көсе»
09.00 «Таңшолпан»
10.00, 15.00, 20.00, 23.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Зейнеп»
12.00 қызық екен
12.45 «Олимпиада күнделігі»
13.10 м/х
13.50 замандастар
14.40 Тату-тәтті
20.30 «Жат бауыр»
22.15 Телехикая
23.40 «Көңіл толқыны»
00.20 «Сана»

ХАБАР

05:00 Кім мықты
06.30 Мегахит
08.00 Кавер шоу
10.00 Мультфильм
11.00, 20.00 Фатмагүл
13.00 Олимпиада
16.00Олимпиада күнделігі
16.10 Сериал
18.00 Олимпиада
22.45 Т/х
23.55 Олимпиада

АСТАНА

06.20 Т/х
06.40 Жұрттың балалары
07.10 М/с
09.20, 21.00түрік т/х
10.20 Көру керек
11.30 «Абай жолы»
12.50 т/х
13.50, 23.25 «Көкжалдар әміршісі»
14.45 Сериал
15.25 Сериал
16.35, 01.20 сериал
17.40 сериал весна моего сердца
18.50, 00.15 сериал
20.00 Астанатаймс
20.30 Саке
21.55 Үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 Фильм
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.25 «KOREMIZ»
15.30 «Бейкүнә» телехикаясы
16.25 М/фильм
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.25Сериал
01.30 Новости
01.45 «Жаңалықтар
01.55 Қаймақ
02.25 «Басты жаңалықтар
03.35 Кешкі кездесу

КТК

07:05 «Әнім сен едің»
08.05, 05.35Т/х «Тоғжан»
отандық телехикая
10.15 «Юморина» ш/п
14.30 Было дело
16.30 Детектив
19.30, 05.10 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.25 «Астарлы Ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама
01.55 о/детектив

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 «Сапарлайық»
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Единый народ»
11.00 «Ел іші - өнер кеніші»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Шіркін-ай»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ойсарап»
17.00 «Дәрігер кеңесі»
17.30 «Әсем әуен»
17.50«Жезөкше»
18.00 «Бүгін»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
07.30 Тик –ток шоу
08.00 Тайм вайн
08.30 М/с
09.30, 00.10 «Әмірші әйел»
11.00 Т/х
12.00 Комедия
14.20 Кино
17.00 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Сериал
22.00 Кино
01.30 «31 әзіл»
02.30 Тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
07.00, 00.40 т/х
08.00, 18.00 т/х
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.30, 21.40 Сериал
12.30 Сериал
15.3 Сериал
16.30 т/х ғаламат ғасыр. Хюррем
23.40 сериал
01.40 т/х
02.40 Жеңіп көр
04.10 Тағдыр ойыны
05:10келесі кім
05.52 Үзіліс

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке тұлға «Темиргалиев Б.С.» 2024 ж. 12 тамыздан 16 тамызға дейін

«Қоршаған ортаны қорғау» Жетісу облысы, Текелі қаласы жеке тұлға Темірғалиев Б.С.-ның көмір қоймасы бөлімі бойынша жария талқылау өтетіні туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°51'48,56» СШ, 78°44'0,83» ВД. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - жеке тұлға «Темірғалиев Б.С.» Талдықорған қаласы, Назарбаева көшесі 173, 15 п.

тел.: 8 701 9484130, e-mail: bolat_67@mail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады: ecoportal.kz. Жетісу облысының Табиғи ресурстар басқармасы, 8728232-92-67, zhumadilova.kamshat@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі 26,. ЖАО сайтына сілтеме https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru. ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: ecoportal.kz. «жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарында және zhumadilova.kamshat@mail.ru.

Сейсенбі - Вторник, 6 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Шебер
06.30, 10.00,13.00, 17.00, 20.00, 23.10 «Ақпарат»
07.00 Ауылдастар
07.30 Алтын қақпа
08.15, 13.10 м/с
09.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х«Зейнеп »
12:00 қызық екен
12.45 олимпиада күнделігі
13.50 Замандастар
14.40 тату-тәтті
20.30 т/х
22.15 Телехикая
23.45 Көңіл толқыны
00.25 Париж -2024
02.45 Олимпиада

ХАБАР

05:00 Кім мықты?
06.00 «Пәленшевтер-2»
08.00 Ковершоу
10:00 ой талқы
10.30 м/с
11.15,20.00 «Фатмагүл»
14.00, 23,50 олимпиада
16.30, 21.00 олимпиада күнделігі
16.40 сериал
19.00 Новости
19.20 Жаңалықтар
19.40 ән жинақ
21.10 олимпиада

АСТАНА

06.00 Т/х
06.40 Жұрттың балалары
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 17.40 сериал
11.30 «Абай жолы»
12.50 т/х
13.50, 23.25 «Көкжалдар әміршісі»
14.45 Сериал
15.25 сериал
16.35 сериал
18.50. сериал
20.00 «Астана таймс»
20.30 сериал Саке
21.55 сериал

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 кешкі кездесу
07.00, 02.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.25 «KOREMIZ»
15.25 Т/х «Бейкүнә»
16.25 Сериал
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.25 Ночной кинотеатр
01:45ночной кинотеатр
01.55 Қаймақ
02.50 Паутина

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 05.15 Т/х «Тоғжан»
09.45 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
12.40 Мелодрама
17.10 Детектив
19.30, 04.50 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама
01.55 Детектив

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Алматы облысы)
11.00 Новости (Жетісу облысы)
11.30 «Дәрігер кеңесі»
12.00 «Баспасөзге шолу»
12.30 «Бүгін»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20«Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
17.50 «Қайырымдылық»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 Тикток шоу
08.30 маша и медьведь
09.30, 00.10 Әмірші әйел
11.0 Т/х Қызыл шербет
12.00 кино
15.50 кино
18.00 Кино
20.00 Информбюро
21.00 сериал
22.00 кино
01.30 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
07.00, 00.40 Т/х «Алданған арман-2»
08.00, 18.00 т/х
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.30, 21.40 сериал
13.30 Т/х
15.30 сериал
16.30 т/х
23.40 Т/х
01.40 т/х
02.40 Жеңіп көр
04.10 Тағдыр ойыны
05.10 Құтты қонақ
05:52 Үзіліс

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Физическое лицо «Темиргалиев Б.С.» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 12 августа по 16 августа 2024г. по разделу «Охраны окружающей среды» Угольный склад Физического лица Темиргалиева Б.С. г. Текели Область Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°51'48,56» СШ, 78°44'0,83» ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - Физическое лицо «Темиргалиев Б.С.»

г. Талдыкорган. ул. Назарбаева 173, кв.15. тел.: 8 701 9484130, e-mail: bolat_67@mail.ru.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Управление природных ресурсов области Жетысу, 87282 32-92-67, zhumadilova.kamshat@mail.ru, г. Талдыкорган ул. Кабанбай батыра 26,. Ссылка на сайт МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru. Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и zhumadilova.kamshat@mail.ru.

Сәрсенбі - Среда, 7 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Шебер
06.30, 10.00,13.00, 17.00, 20.00, 23.10 «Ақпарат»
07.00 Ауылдастар
07.30 Алтын қақпа
08.15, 13.10 м/с
09.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х«Зейнеп »
12:00 Қызық екен
12.45 олимпиада күнделігі
13.50 Замандастар
14.40 Тату-тәтті
20.30 Т/х
22.15 Телехикая
23.45 Көңіл толқыны
00.25 Париж -2024
02.25 Сана
03.30 Шаңырақ

ХАБАР

05:00 Кім мықты?
06.00 «Пәленшевтер-2»
08.00 Ковершоу
10:00 Ой талқы
10.30 м/с
11.15,20.00 «Фатмагүл»
14.00, т/х
15.00 Тойхана
16.00 Кавер шоу
16.20 Олимпиада күнделігі
16.30 Олимпиада
22.30 Олимпиада

АСТАНА

06.00 Т/х
06.40 Жұрттың балалары
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 17.40 сериал
11.30 «Абай жолы»
12.50 т/х
13.50, 23.25 «Көкжалдар әміршісі»
14.45 Сериал
15.25 сериал
16.35 сериал
18.50. сериал
20.00 «Астана таймс»
20.30 сериал Саке
21.55 сериал

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 кешкі кездесу
07.00, 02.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.25 «KOREMIZ»
15.25 Т/х «Бейкүнә»
16.25 Сериал
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.25 Ночной кинотеатр
01:45ночной кинотеатр
01.55 Қаймақ
02.50 Паутина

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 05.15 Т/х «Тоғжан»
09.45 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
12.40 мелодрама
17.10 детектив
19.30, 04.50 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама
01.55 детектив

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Алматы облысы)
11.00 Новости (Жетісу облысы)
11.30 «Домбыра»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Маска»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 Тикток шоу
08.30 Маша и медьведь
09.30, 00.00 Әмірші әйел
11.0 т/х қызыл шербет
12.00 Тайм вайн
12.20 Тик ток шоу
12.40 кино
15.40 кино
18.00 Кино
20.00 Информбюро
21.00 сериал
22.00 кино
01.20 «31 әзіл»
02.30 Тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
07.00, 00.40 Т/х «Алданған арман-2»
08.00, 18.00 т/х
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.30, 21.40 сериал
13.30 Т/х
15.30 сериал
16.30 т/х
23.40 Т/х
01.40 т/х
02.40 Жеңіп көр
04.10 Тағдыр ойыны
05.10 Құтты қонақ
05:52 Үзіліс

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Россия въезд из третьей страны 0265171 ИП «Якупова С» 980820400750 номер автомашины 067APD 13

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКЖИЕК

САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА БАЛАЛАРДЫҢ САПАЛЫ БІЛІМ АЛУЫНА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН. ОСЫДАН БІРАЗ ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҒАНА БОЛҒАН ЗАМАНАУИ ТЕХНИКАЛАР БҮГІНДЕ ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРҒА ДА ЖЕТТІ.

Қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған аудан, ауыл мектептеріндегі білім берудің сапасы мен оқушылардың жет-кен жетістіктері туралы Ескелді аудандық білім бөлімінің бас-шысы Мұрат Бектұров былай дейді.

«Өткен оқу жылында аудан оқушыларының ауыз толтырып айтарлық жетістіктері аз емес. Мәселен, ауыл олимпиадасынан өтіп, республикалық кезеңіне қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша қатысқан Алдабергенов атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Мерей Жандосқызы үшінші орынды иеленсе, республикалық 9-11-сынып арасында өткен жалпы пәндер олимпиадасында Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Зере Кеңесқызы қа-зақ тілі мен әдебиеті пәнінен, Шестаков атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Таисия Домаева да орыс сы-ныбындағы қазақ тілі пәнінен қатысып, жүлделі үшінші орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, Ж. Жақыпбаев атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы Арайлым Ербайытқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жоғарыда аталған республикалық жарыстан үшінші орын иегері атанды. «Ел Үміті Talent» онлайн республикалық физика олимпиадасында да аудан оқушылары білімін сынады. Олардың қатарында болған Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы Кәусар Әбдіғали жүлделі үшінші орыннан көрінді.

Олимпиадалардан бөлек мектеп оқушылары зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларын сынайтын республикалық «Зерде» конкурсына қатысқан. Конкурстың қорытынды кезеңіне Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Құндыз Халықова мен Титов атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы Ералы Қазезбек жүлделі бірінші орынды иеленді. Ауыз толтырып айтарлық жетістік, Президенттік олимпиаданың бірінші өңірлік кезеңіне ауданнан 24 оқушы қатысты. Нәтижесінде іріктеу кезеңінде Бақтыбай атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Әли Саянұлы бірінші орынға, 11сынып оқушысы Даяна Дүйсебаева үшінші орынға қол жеткізді. Ал «Мың бала» олимпиадасынан ауданнан 15 оқушы жүлделі орынға ие болды» – деген Мұрат Мұхтарұлы балалардың білімімен қатар дене шынықтыру, спорттық дайындықтарына да баса назар аударылатынын айтты.

Ұстаздардың қойған талаптары мен еңбектерінің нәтижесінде республикалық жеңіл атлетикалық кросстан «Ұлттық мектеп лига» жарысында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің 5-6-сынып ұлдарының командасы бірінші орын иеленсе, республикалық баскетболдан «Ұлттық мектеп лига» жарысында Шестаков атындағы орта мектептің 9-11-сынып қыздар командасы үшінші орынды жеңіп алған.

Өткен оқу жылы бойынша 414 түлек мектеп бітірсе, оның 277-і ҰБТ-ға қатыспаты. Тестік балл жағына келетін болсақ, аудан бойынша орташа балл 78,9-ға жеткен. Мектептер арасында жоғары көрсеткіш көрсеткен С. Сейфуллин атындағы орта мектебі – 91,5 орта балл. Аудан бойынша бес оқушы ҰБТ-дан 120-дан жоғары балл алған. Алты бала «Алтын белгі», 36 бала үздік аттестат иегері атанды.

Білім бөлімі басшысының сөзінше, М. Маметова атындағы және Қоңыр орта мектептерінде, сонымен қатар Байысов ауылындағы «Айшуақ» балабақшасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін бұл мекемелердің барлығында толығымен жөндеу жұмысы аяқталады деп күтілуде.

– Өткен оқу жылы оқушыларымыз талай сайысқа қатысып, ауданымыздың атын шығарды. Бұл әрине, ең біріншіден, үйдегі ата-ана мен мектептегі мұғалімнің, үміт артқан баланың іздену, еңбектенуінің нәтижесі. Алдағы оқу жылы өткен жылдағыдан да жоғары көрсеткіштер көрсетеміз деген үміттеміз, – деген М. Бектұров жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне жоғары жауапкершілікпен қарауды да естен шығармауды тілге тиек етті.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ

СҰРАҚ-ЖАУАП

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН АҚША ТҮСПЕСЕ, АТА-АНАЛАРҒА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҒЫН БАЙҚАТАТЫН МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАР КӨПТЕП КӨРІНІС БЕРУДЕ. ОСЫ ҚАТАРДАҒЫ БІРЕГЕЙ БАҒДАРЛАМА – «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫ БОЛЫП ОТЫР.

Президент Жолдауында айтқан бұл бастама шынында да балалар болашағына жасаған әділетті қоғамның жасаған қисынды қадамы десек болғандай. Аталмыш бағдарлама жүзеге асқаннан бастап Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып отырады. Ал жиналған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалады.

Ресми мәліметке көз жүгіртсек, бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны – 6 919 131 бала (қоса алғанда, 01.01.2006 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейін туылған балалар). Оның ішінде 304 815 қатысушы 2024 жылы 18 жасқа толады (қоса алғанда, 01.01.2006 ж. бастап 31.12.2006 ж. дейін туылған балалар).

Арнайы мамандардың мәліметінше, 18 жасқа 2024 жылы толатын балаларға аталған сома олардың БЖЗҚ-да автоматты түрде ашылған нысаналы жинақтау шоттарына түсуі керек. Олар биылдан бастап жинақтарын тұрғын үйге немесе білім алуға кәмелетке толғаннан кейін бірден пайдалануға құқылы. Осыған орай баласы 18 жасқа толған кейбір ата-ана Үкіметтен берілген бұл ақшаны қалай және қандай жағдайда алуға болатынын, сонымен қатар ұлттық қордан ақша түспеген жағдайда ата-аналарға не істеу керек екенін сұрап, редакциямызға хабарласқан болатын.

Осы сауалдарға қатысты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Жетісу облыстық филиалы директорының орынбасары Әнуар ЕЛЕУСІЗОВ былайша түсініктеме берді.

– «Бағдарламаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Ұлттық қор) инвестициялық кірісінің 50 пайызы Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін барлық жастағы балаларға жыл сайын, олар кәмелетке толғанға дейін теңдей бөлінеді. Алғашқы нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар БЖЗҚ-дағы шоттарға 2024 жылғы ақпанда түсті. 18 жасқа толғаннан кейін жастар нысаналы жинақтарын тұрғын үй және/немесе білім беру ақысын төлеу үшін пайдалана алады. Ол үшін нысаналы жинақтарды пайдалану бойынша уәкілетті оператор ретінде тіркелген банктерге өтініш берулері керек. Тұрғын үйге арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі уәкілетті оператор ретінде «Отбасы банкі» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ белгіленсе, білім алуға арналған нысаналы жинақтарды екі уәкілетті оператор – «Отбасы банкі «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ мен «Қазақстан Халық банкі» АҚ арқылы пайдалануға болады.

Осы жылдың 1 маусымға дейін БЖЗҚ жалпы сомасы 952 911,64 АҚШ долларына 9 503 өтініші орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 458 220,04 АҚШ долларына 4 572, ал білім алу ақысын төлеу үшін 494 691,60 АҚШ долларына 4 931 өтініш орындалды.

Ал онда, нысаналы талаптарға қатысушылар тізіміне қосылғаны туралы ақпаратты ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер ***kids.enpf.kz*** *сайты арқылы баланың ЖСН нөмірі бойынша тексере алады. Мұнда, сонымен бірге, Бағдарлама шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулық алып, қызықтырған сауалдарға жауап алуға болады.*

Сондай-ақ, әр балаға есептелген қаражат туралы деректерді ата-аналар egov.kz порталындағы Жеке кабинетіне кіріп, тексере алады.

2024 жылы 18 жасқа толатын отандастарымыз нысаналы жинақтау шотына түскен қаржысын БЖЗҚ-ның интернет ресурсындағы Жеке кабинеті және (немесе) «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өз беттерінше тексере алады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатына берілетін нысаналы талаптардың төлемдері туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі егжей-тегжейлі ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Сондай-ақ, балаларына Ұлттық қордан ақша түспесе, ата-аналарға не істеу керек? Негізінде 18 жасқа толмаған балалар жайлы мәлімет мемлекеттік базадан алынады және төлем оларға автоматты түрде тағайындалып, түсті. Ал егер бұл базада жоқ болса, алаңдауға негіз жоқ. Мұндай жағдайда ата-ана баласының мәліметтерін Egov.kz арқылы тексеруі керек. Жеке сәйкестендіру нөмірі немесе аты-жөнінде қате кеткен болуы мүмкін.

Егер солай болса, жергілікті халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгіну қажет. Кейін төлем міндетті түрде түседі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРОЗА

СЫНЫҚ СҮЙЕМ ӘҢГІМЕЛЕР

Неге өйтіп боқтайды?

– Аға, айтыңызшы, көңілі қалған адамды қазақ неге «Өй, бір мал екенсің ғой!» – деп боқтайды? «Өй, бір жануар екенсің ғой!» – десе де жетпей ме?

– Біріншіден, адам да жануар. Жер бетіндегі жаны бардың бәрі жануар. Жануардың бәрінде бір шөкім болса да сана бар. Адам – солардың ең жоғарғы саналысы. Сондықтан «жануар» деген соншалық ауыр сөзге жатпайды. Ал боқтау – ең ауыр сөз.

– «Мал» деген ауыр сөз емес қой, аға. Адамзаттың бәрін асырап отырған сол мал емес пе? Сонда «мал» дегеніңіз боқтау емес, мақтау болып шықпай ма?

– Басқаны білмеймін, қазақты мал асырап келгені рас.

– Ендеше неге оны ең ауыр сөз дейсіз?

– Қазақ «мал» деп өзі асырайтын, жейтін төрт түлікті ғана айтады: түйені, жылқыны, сиырды және қой-ешкіні.

– Ешкіні неге жеке малға санамайды?

– Өйткені оның тәуелсіздігі жоқ, ылғи қойдың шылауында жүре-ді: қоралары ортақ, жайылымы бір-ге, құмалақтары бірдей, қой да маңырайды, ешкі де маңырайды, яғни екеуінің де тілі бір; ал тілі бірдің бәрі бір, жүндері ұқсамағанымен, үндері ұқсайды. Тек қой көп, ешкі аз, сондықтан азшылық көпшілікке бағынады. Ал бағыныштылардың бағы ашылмайтыны пешенеден белгілі.

– Мұны түсіндім, аға. «Ешкі менен қой тең бе, сеніменен мен тең бе?» деп жатады ғой қазақ. Бірақ бір ешкіге бола бүкіл төрт түлікті жазғыру обал емес пе? Малдың соншалық несі ұнамайды?

– Малғұндығы.

– А – а? Ол не деген?

– Ажалының кімнен, неден болатынын білмей, тасыраңдай беретін-дерді бұрынғылар «малғұн» деген.

– Ал оның малға қандай қатысы бар?

– Тікелей. Мал өзін иесінің асырайтынын, бағып-қағатынын – бәрін біледі, тек неге өйтетінін білмейді.

– Ал неге өйтеді?

– Ал неге өйтпейді? Өзінің қорегі, жейтін азығы болған соң сөйтеді. Иесі оны түптің түбінде өзін жеп тынатынын мал білмейді. Сол үшін ғана төрт түлікті қазақ «мал» дейді.

– Құдай сақтасын, мұны мұншалық қәуіпті сөз деп кім ойлаған? Құдай бізді мал болудан, мал қылғысы келетіндерден сақтасын!

Кім қазақ?

– Аға, той қалай өтті? Көңілсізсіз ғой, шаршап қалдыңыз ба?

– Иә, шаршатты.

– Ауыз жаппайтын асабадан, гүрс-гүрс еткен техникадан сіздер тұрмақ, біздер де шаршап шығамыз. Тағы не шаршатты?

– Біз, шал-кемпірлер, қазақша тілек айттық, батамызды бердік. Бізден кейінгілер де, балаларымыздың қатарлары да қазақша сөйледі. Тойдың соңында той иесінің немерелеріне, келіндеріне сөз беріп еді бір-екеуінен басқасының бәрі дерлік өзге тілде сөйле-ді. Тіпті біреуі ағылшынша ән салды. Қазақ болудан қашқан ұрпақты көріп, шошып қайттым. Осындай ұрпақты көргенде, шаршамағанда қайтесің?

– Ал бұған кім кінәлі, аға? Халық па, халықты басқарғандар ма?

– Халықты қай тілде басқарсаң сол тілде сөйлейді, оның несін сұрайсың? Ал менің ұғымымда қазақша сөйлейтін адам ғана қазақ.

Бала баққан ел едік, қалайша бала сатқан елге айналдық?

– Аға, ашық айтқаныма ашуланбаңыз, сіз жалпы көп нәрсеге көңіліңіз толмай жүретін адамсыз ғой. Әйткенмен айтыңызшы, тәуелсіз мемлекет болғалы бері жаныңызға, намысыңызға қатты тиген мәселелер болды ма?

– Жекелей жемқорлық, сыбайлас жемқорлық әлемдегі елдің бәрінде дерлік бар. Ал біздікі шектен шығып, бәрінікінен асып кетті. «Бұрын шыққан құлақтан соңғы шыққан мүйіз озыпты» дегенді естіуің бар ма?

– Бар, аға.

– «Дәніккеннен құныққан жаман» дейді халқымыз. Оны да естіген боларсың. Байлыққа құныққан адам мемлекеттің қамынан гөрі өз байлығының қамын көбірек ойлайды. «Ананы апарып, мынаны жасырып, анаған қоссам, мынадағыны алып, ізін жауып, анаумен араластырып жіберсем», – деп баюды ойлап, күні бойы, түні бойы басы қатады да жүреді. Оның әлеуметтік зардабын санмен мөлшерлеу, пайызға шағып бағалау мүлдем мүмкін емес. Олар банк-тен ақша ұрлаудың, құрылыстан қаржы жымқырудың, ең аяғы балабақшадан, мектептен, жол салу мен көшет отырғызудан да жымқырып қалудың жүйелі жолын жасап алды. Тек халықты білімді, мәдениетті, заңды бұзбайтын, қылмысқа бармайтын етудің, яғни халықты бақытты етудің жүйелі жолын жасай алмады. Жеуден, жымқырудан қолдары да тимейді. Өйткені «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деген ғой Абай. Олардың байлықтан басқа мұңы болмады. Соның салдарынан басшылар байлыққа батты, қатардағылар сансырасып жатты. Жан бағудың кейбіреулер үшін жан түршігерлік жағдайға жеткені соншалық, олар өз баласын шетелдік байларға сатты. Оған мемлекет мүмкіндік берді, тыймады, көрмегенсіді, білмегенсіді. Жоқтықтан жаны күйзелген байғұс ата-ана: «Біз өлсек те баламыз өлмесін, қайда кетсе де аман болсын», – деп кез келген жануардан төмен деңгейге түсті.

– Ту, аға, тұла бойымды түршіктіріп жібердіңіз ғой, тегі. Жақсы бірдеме айтыңызшы!

– Тыңда! Қазір енді балаларын бұрынғыдай шетелдік байларға емес, өз байларымызға жасырын сататындар шықты. Өзгешілігі сол, өз баласын сатқанды да, біреудің баласын сатып алғанды да қазір соттайтын болдық. Жазаны қатайтып жатырмыз, қатайтып жатырмыз, бірақ мұндай сұмдықты болдырмаудың қамын жеп, мемлекеттің өз халқын қорғай білу қабілетін әлемдік деңгейге әлі көтере алмадық. «Қатын-баласын қорғап қаза табатын қазақты қатын-баласын сатып күн көретін қазаққа кім айналдырды?» – деген сұрақ көкейімізде тұр. Бірақ оған жауап бола ма, болмай ма белгісіз. Ал менің жаныма екеуі де – бұған барғанымыз да, оған жауап болмауы да батады.

2023

– Аға, жылдың аяқталыуына екіақ күн қалды. Айтыңызшы, биыл сізге қатты әсер еткен қандай оқиғалар болды?

– Біріншісі – осыдан үш жүз сексен жыл бұрын болған оқиға – Орбұлақ жеңісі. 1643 жылы шілдеде қазақтың алты жүз, қырғыздың бір жүз, барлығы жеті жүз жауынгер екі таудың ортасына оқпана қазып қорғанып, қалмақтың елу мың қолын жеңеді. Сол ұлы жеңісті жаңа Қазақстанды құрып жатқан халқымыз мемлекеттік деңгейде атап өтпеді. Соғыс өткен жердегі аудан ғана, біраз мектеп пен кітапхана ғана атап өтті. Осы жағдай маған қатты әсер етті. Мұны мен өле-өлгенше ұмыта алмайтын шығармын.

Мектепте, жоғарғы оқу орындарында тарихты оқытамыз, Тарих және этнология институтында, Ғылым академиясында тарихты зерттейміз, Ғылым және жоғары білім министірлігінде тарихқа басшылық жасаймыз, алайда соның нәтижесі осылай болса, онда

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРОЗА

біздің мемлекеттік жүйеміздің қандай болғаны? Мемлекетіміз халқын, ұрпағын отансүйгіштікке мұндай ұлы жеңісті, бірліктің ұлы күшін үлгі ете алмағаны жаныма қатты батты.

Екіншісі – осыдан үш жүз жыл бұрын көкек айында халқымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталған ұлы күйзеліске ұшырады. Қазаққа қарақалпақтан басқа ешкім көмекке келген жоқ. Жан-жағымыздан «Қазақ біржола жойыла ма, жоқ па?» – деп бақылап қана отырды.

Халықтың қанында бар қаһармандық қайта оянды. Енді оянбаса, ел болмайтынын білді. Қырғыннан қансырады, ойсырады, әлі жетпей жеңілді, қапы қалып бармағын шайнады, боздағынан айырылды, боз үйінен безіп кетті, «Аттан!» деген аруақты үн атқа қондырды. Ереуіл атқа ер салды, ерулі атқа жем салды, егеулі найза қолында, қайраулы қылыш қынында, жұмырықтай жұмылды, жұдырықтай түйілді, отыз бес жыл шайқасып, ақыры қытайменен ұштасып, Жоңғар мемлекетін жер бетінен жойысты. Сол қасіретті ұмыттырмайтын «Елімай!» деген зар қалды. Соның бәрін бір жиын жасап, бір күн ғана мемлекеттік деңгейде атап өте алмағанымыз қалай жаныма батпасын?

Осы екі нәрсе менің жаныма қатты батты. Сол үшін мені сөгесің бе, жек көресің бе, оны өзің біл!

– Апырмай, аға, құлазыған қу далада қалғандай қылдыңыз-ау!

– Құлазымау үшін артыңа қарама, алдыңа қара!

Қорқамын ғой

– Тәуелсіз мемлекет болғалы бері елімізде қазақша сөйлейтіндер біраз көбейді. Оған қандай баға бересіз?

– Біраз көбейсе,«біраз» деген баға берем.

– Әй, қырсықсыз-ау, аға. Бір жақсы баға береді екен десем. Жарайды.

Ал енді қазақша білгісі де, сөйлегісі де келмейтін, өзге тілде өмір сүріп жүргенін мақтан ететіндерге қандай баға бересіз?

– Олар – көң.

– Көң? Ол не дегеніңіз?

– «Тыңайтқыш» дегенім.

– Қандай тыңайтқыш?

– Кәдімгі. Егінді, жемісті, көгөністі жақсы өсіретін қорек.

– Ал оның қазаққа қандай қатысы бар?

– Тікелей. Патшалық Ресейдің әйгілі қоғам қайраткері П. Сталыпин деген адам: «Ұлттық сана-сезімі жоқ халық – өзге халықты өсіріп-өндіретін көң», – депті. Енді түсіндің бе?

– О-ой, түсінгені құрысын-ай! Басқа-ны білмеймін, мен, әйтеуір, өлсем өліп кетермін, бірақ көң болмай өлемін, аға! Қорықпаңыз!

– Мен сенен тек өліп кетесің-ау деп қорқамын ғой.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

ӘҢГІМЕ

Қой, қонақтан қат

Бүгін жұма. Бұл күні қазаннан қоңырсытып май иісін шығару – апасының ежелгі әдеті.

Қазір де сөйтті. Буы бұр-қыраған жеті шелпекті дастарқанның дәл ортасына әкеп қойды. Жан-жағына томпиған-томпиған сап-сары бауырсақтарды шашты. Иісін-ай! Нұртайдың сілекейі шұбырды. Кеседегі қаймаққа малып-ма-лып алып, ауызға тоғытар ма еді, шіркін! Бірақ олай етуге болмайды. Сәл-пәл тоса тұру керек. Өйткені…

Ұзамай-ақ әкесі тізерлей отырып күңіренте Құран оқыды. Соңында марқұм болған атасы мен әжесінің атын атап, олар-ға Алладан иман сұрады. Артында қалған үрім-бұтағына амандық тіледі. Содан кейін дастарқан басында отырған барлығы «Әумин!» деп бет сипаған соң шелпектің бірін қабаттай бүктеп үзіп-үзіп алды да жан-жағына таратты. Бірін «Әуп, бісіміллә», – деп өз аузына салды. Дәл осы сәтте сыртқы есік сықырлай ашылды. Бұлар кім болды екен деп бұрылып қарағанша:

– Амансыздар ма, көрші-лер?! – деп дауысын соза амандасып Мәрия апай ас үйдің табалдырығын аттады. Қасында бұдан бір саты жоғары, 2 «А» сыныбында оқи-тын баласы Асхат.

– О, мақтап жүреді екен-сіздер. Төрлетіңіздер! – деп апасы жік-жапар болып жатыр.

– Е, құдай қосқан көр-шіміз – сендерді мақтамағанда кімді мақтаймыз?! – деді ол жозының бір шетіне жайғасып отыра беріп. Асхат та әй-шәй жоқ апасының жанына қонжия қалды.

Алғаш көзі шалған кезде-ақ кіржің ете түскен Нұртай оның мына еркінсуіне тіптен ыза бола бастады. Ал ананың бұнымен шаруасы жоқ. Көзіне көзі түйісе қалғанда бір ыржың еткені болмаса, қаннен-қаперсіз қаймаққа малынған бауырсақты соғып отыр. Мұның апасы да қызық. «Іше ғой, жей ғой» деп дастарқандағы дәмдінің барлығын соның алдына қарай ысырады. Әуелі кетерінде бір уыс кәмпитті қалтасына салып берді-ау мұны тіптен күйдіріп…

– Өй балам, сен неғып томсырап қалдың? Әкел кесеңді, ыстық шай құйып берейін, – деп апасы әлден соң ғана бұған назар аударды. Бағанадан бері қитығып отырған Нұртайдың дауысы қыстыға шықты:

– Апа, не… Асхатты жақсы көресіз бе?

Сәл аңтарылып қалған апасы қарсы сауал қойды:

– Не болды, оны неге сұрадың?

– Оған қаймақ қатып шай ішкіздіңіз, бауырсақ бердіңіз. Кәмпитті де…

– Е, ол қонақ емес пе. Оның үстіне көрші, сенің бірге ойнайтын досың.

– Досым емес ол! – Бұның дауысы тіпті қатты шығып кетті. – Кеше ғана балалардың көзінше келекетті мені. «Сендер тұратын үйдің шатыры – аласа. Біздікі – биік әрі темір шифермен жабылған», – дейді. Ал сіз: «Бізді мақтап жүресіңдер», – дейсіз.

Апасы алғашында «мырс» етіп күле беріп тез доғарды да байсалды түрде жауап берді:

– Асхат абайсызда аңғармай айтқан болар, балам. Шатырдың аласа немесе биік екенінде тұрған ештеңе жоқ. Алла адамның ниетін аласартпасын. Біздің қазақ халқы ежелден-ақ ас үстіне тап болған кез келген қонақты «Мақтап жүреді екенсің» деп қуана қарсы алған.

– Ал тамақты ішіп болғанда келген қонаққа «Жамандап жүреді екенсің» деп базына білдірген, – деп бір шеттен әкесі де жымия сөйлеп, басынан сипады.

Дастарқан басында отырса да көз қиығын газет-журналдан алмайтын көкесі де кенет басын көтеріп, бұған бұрылды.

– Білесің бе, – деді содан соң маңғаздана. – Баяғыда біз әскерде жүргенде бір украин жігіті бірге қызмет етті. Соған жерлес достары туған күнімен құттықтағанда: «Саған Сібірдің денсаулығын, Кавказдың ұзақ жастығын, Цыгандардың көңілділігін, Қазақтардың қо-нақжайлылығын тілейміз!», – деп жазғанын өз көзіммен көргенмін. Демек, біздің халықтың бұл жақсы қасиеті халықаралық деңгейде мойындалған деуге әбден болады!

– Ойпыр-ай ә, бұл бір айта жүрер, мақтан етер оқиға екен, – деп әкесі ерекше мән бере сөйледі. – Айтпақшы, ата-бабаларымыз абайсызда үйге кіріп кеткен жыланға да тиіспей, басына ақ құйып шығарған ғой…

– Түсіндің бе, балам. Қонақжайлылық – халқымыздың ежелден келе жатқан ерекше дәстүрі. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген. Мұндай жақсы салтты бұлжытпай сақтау – біздің қасиетті борышымыз, – деп апасы келіп маңдайынан сүйді.

Анасының ерні тигенде шекесін ду еткізген жылылық бірте-бірте Нұртайдың бүкіл тұла бойына тарап бара жатты. Асхатқа деген өкпесі бұл кезде есінен шығып та кеткен еді.

Нұрәділ БЕГІМБЕТ

qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСЬ

В Казахстане проведут пилотную сельскохозяйственную перепись. Проведение мероприятия запланировано с 20 августа по 30 сентября этого года, передает корреспондент Tengrinews.kz.

НОВУЮ ПЕРЕПИСЬ ПРОВЕДУТ В КАЗАХСТАНЕ

Как стало известно в ходе брифинга Бюро национальной статистики, перепись будет в двух сельских населенных пунктах и одном городском в каждой области и в трех городах республиканского значения. Пилотная перепись запланирована с 20 августа по 30 сентября 2024 года.

«Основной опрос будут проводить сотрудники территориальных подразделений. Мы не привлекаем в пилотный проект интервьюеров, а проводим опрос своими силами. Опрос будет проводиться в городской местности в течение 13 дней, в сельской местности в течение 15 дней», – сообщила руководитель управления по проведению национальной переписи департамента статистики сельского хозяйства Асель Сарсекова.

В свою очередь основная сельскохозяйственная перепись пройдет с 1 августа по 20 октября 2025 года.

«Перепись будет проводиться с использованием административных данных в качестве предзаписи с возможностью их корректировки и современных технологий сбора — интернет-опрос и офлайн-опрос на планшете. С 15 мая по июнь 2025 года запланирован предварительный обход в городской местности по дачам и дачным участкам. С 1 по 31 августа будет онлайн-перепись: респонденты самостоятельно могут заполнить переписные листы на сайте, затем в течение 20 дней будет проводиться работа по обработке данных», – отметила спикер.

С 20 сентября по 20 октября интервьюеры проведут опрос домашних хозяйств с использованием планшетов, после чего будет проведен контрольный обход.

АВТОТРАНСПОРТ

СКОЛЬКО СТОИТ ИЗГОТОВЛЕНИЕ ДОКУМЕНТОВ НА АВТО

СКОЛЬКО СТОИТ ИЗГОТОВЛЕНИЕ ТЕХПАСПОРТА, ВОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ И ГОСНОМЕРОВ НА АВТО

Министр внутренних дел РК приказом от 24 июня 2024 года утвердил цены на услуги в области изготовления свидетельств о государственной регистрации транспортных средств, водительских удостоверений и государственных регистрационных номерных знаков, сообщает Zakon.kz.

Согласно приказу, стоимость изготовления документов составляет (без НДС):

- водительское удостоверение — 4 367 тенге;
- свидетельство о государственной регистрации транспортных средств — 2 250 тенге;
- государственные регистрационные номерные знаки — 3 923 тенге (за комплект);
- государственные регистрационные номерные знаки «ТРАНЗИТ» — 126 тенге;

Также документом установлена стоимость накопления и ведения интегрированного банка данных системы изготовления документов, автоматизации работы по учету процессов, разработки, внедрения и сопровождения программно-технических продуктов для органов внутренних дел в размере 747 563 358 тенге.

Указанные услуги оказывает РГП на ПХВ «Информационно-производственный центр» МВД РК.

Приказ введен в действие с 24 июня 2024 года.

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

ПОДРОСТКОВАЯ НАРКОМАНИЯ

Подростковая наркомания — очень страшное явление. Влияние наркотиков на организм подростка в разы сильнее, чем на взрослого человека, ведь организм ребёнка в 12-15 лет находится на пике развития. Абсолютно все исследователи будь то врачи, социологи, педагоги сходятся во мнении, что наркомания наиболее опасна в подростковом возрасте, когда у человека только еще формируется мировоззрение, биологические и психологические особенности, которые представляют определенный риск злоупотребления, как алкоголем, так и другими психоактивными веществами, включая и наркотики.

К нелегальным наркотическим средствам, психотропным веществам и их аналогам относятся вещества, употребление, распространение и хранение которых является противозаконным — это производные растений конопли (каннабис) — марихуана, гашиш; опийные (героин, опий, морфин); кокаин и другие препараты коки; синтетические наркотические средства (экстази, метадон, эфедрин, амфетамины, метамфетамины); новые психоактивные вещества (НПВ), а также целый ряд других веществ.

На сегодняшний день широкое распространение получили новые психоактивные вещества – это вещества, которые вызывают наркотическое опьянение и имитируют классические наркотические вещества. Одна из основных причин употребления – это так называемая легальность в зависимости от вещества и относительно невысокая цена. Кроме этого их легко достать, потому что их продают в основном через мессенджеры, через Интернет, приобрести их может любой подросток, умеющий пользоваться телефоном. Чаще всего этим веществам придумывают разные интересные названия, они продаются в яркой, красочной упаковке, чтобы привлекать внимание.

При потреблении психоактивных веществ у подростков наблюдаются как бы беспричинно возникающие изменения в поведении и состоянии. В первую очередь, меняется его поведение: подросток теряет интерес к учёбе и былым увлечениям, отдаляется от одноклассников и друзей, начинает врать, много времени проводит со своими новыми "друзьями", становится агрессивным, раздражительным, переменчив в настроении.

В первую очередь страдает мозг — подросток со временем утрачивает интеллектуальные способности, у него ухудшается память, нарушается работа центральной нервной системы, нарушаются координация движений и речь. У подростка, страдающего наркоманией, падает иммунитет, замедляются рост, меняется внешний вид: кожа становится бледно-серой, могут отекать конечности. Наркотики негативно влияют и на репродуктивную систему подростка, которая ещё до конца не сформировалась.

Профилактика наркомании среди подростков - это совместная деятельность врачей, психологов, педагогов, правоохранительных органов и, конечно же, нас с Вами родителей. Дорогие родители! Уделите своему ребёнку больше времени, чтобы снизить вероятность их попадания в наркотическую зависимость, для их же здоровья и светлого будущего!

А. БЕСКЕНОВА,
эксперт ЛСЭ по области Жетісу.

СПОРТ

ВСЕМИРНЫЕ ИГРЫ КОЧЕВНИКОВ В АСТАНЕ

Стало известно, где будут проходить Всемирные игры кочевников в Астане. В акимате Астаны сообщили, как и где будут проходить Всемирные игры кочевников, передает агентство Kazinform.

Так, в инфраструктуру Всемирных игр кочевников вошли 6 столичных объектов: стадион «Астана-Арена», ипподром «Казанат», Дворец единоборств им. Ж.Ушкемпирова, Ледовый дворец «Алау», Легкоатлетический спортивный комплекс Qazaqstan, комплекс «Думан».

На ипподроме «Казанат» и на территории Этноаула пройдут соревнования по конным скачкам, стрельбе из традиционного лука и национальным видам охоты с птицами, а также состязания на лошадях. Во Дворце единоборств им. Ж.Ушкемпирова и в Ледовом дворце «Алау» состоятся состязания по национальным видам борьбы, единоборств и народные игры, в комплексе «Думан» – традиционные интеллектуальные игры. В Легкоатлетическом спортивном комплексе Qazaqstan будут располагаться Аккредитационный и Экипировочный центры ВИК.

Мероприятия научной программы Игр пройдут в Национальном музее РК.

Главной площадкой для реализации культурной программы ВИК станет Этноаул «Вселенная кочевников», который расположен на территории в 10 гектар, примыкающей к ипподрому «Казанат» с юго-западной стороны, также мероприятия в рамках культурной программы дополнительно будут проводиться на различных площадках Астаны (площади, парки, скверы, другие общественные пространства, театры, концертные залы, кинотеатры, музеи, выставочные павильоны и др.).

Спортивная программа включает состязания по 21 виду спорта. В том числе:

Асық ату;
Ордо;
Арқан тартыс;
Бәйге;
Көкпар;
Аударыспақ;
Теңге ілу;
Қазақ күресі;
Ашыртмалы аба гюреши;
Кореш (татарская борьба на поясах);
Кокборуу;
Алыш;
Мас-рестлинг;
Powerful nomad (состязание силачей);
Тоғыз құмалақ (тогуз коргоол);
Мангала;
Овари;
Жамбы ату;
Традиционная стрельба из лука;
Құсбегілік;
Кураш (узбекская борьба).

На Играх будет разыграно порядка 100 комплектов медалей.

Напомним, с 8 по 13 сентября в Астане будут проходить международные спортивные состязания по этническим видам спорта – 5-е Всемирные игры кочевников. В мероприятии примут участие более двух тысяч участников из 89 стран. Игры включают в себя три направления – спорт, культура и наука.

Ранее сообщали, что общая сумма призовых на V Всемирных играх кочевников составит 253 млн. тенге. По каждому виду спорта они будут индивидуальными. В командных видах — это, прежде всего, кокпар и кок-бору. Команда-победитель получит 10 млн. тенге, второе место — 6 млн. тенге, бронзовый призер — 4 млн. тенге.

Бейсенбі - Четверг, 8 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Шебер
06.30, 10.00,13.00, 17.00, 20.00, 23.10 «Ақпарат»
07.00 Ауылдастар
07.30 Алтын қақпа
08.15, 13.10 м/с
09.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х«Зейнеп »
12:00 қызық екен
12.45 олимпиада күнделігі
13.50 Замандастар
14.40 Тату-тәтті
20.30 т/х
22.15 Телехикая
23.40 Көңіл толқыны
00.20 Париж -2024
02.30Париж-2024

ХАБАР

05:00 Кім мықты?
06.00 «Пәленшеевтер-2»
08.00 Ковершоу
10:00 Президентский резерв
10.30Мультфильм
11.15, 20. 00 т/х
14.00, 21.15 сериал
16.30, 21.05 Олимпиада күнделігі
16.40 сериал
19.00 Новости
19.20 Жаңалықтал
19.40 Ән жинақ
00.00 Олимпиада

АСТАНА

06.00 Т/х
06.40 Жұрттың балалары
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 17.40 сериал
11.30 «Абай жолы»
12.50 т/х
13.50, 23.25 «Көкжалдар әміршісі»
14.45 Сериал
15.25 сериал
16.35 сериал
18.50. сериал
20.00 «Астана таймс»
20.30 сериал Саке
21.55 сериал

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 Кешкі кездесу
07.00, 02.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.25 «KOREMIZ»
15.25 Т/х «Бейкүнә»
16.25 Сериал
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.25 Ночной кинотеатр
01:45ночной кинотеатр
01.55 Қаймақ
02.50 Паутина

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 05.15 Т/х «Тоғжан»
09.45 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
12.40 Мелодрама
17.10 Детектив
19.30, 04.50 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама
01.55 Детектив

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Алматы облысы)
11.00 Новости (Жетісу облысы)
11.30 «Домбыра»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20«Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел мен жер»
16.45 «Әсем әуен»
17.00 «Дала үні»
17.50«Коронавирус»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 Тикток шоу
08.30 Маша и медьведь
09.30, 00.00 Әмірші әйел
11.0 Т/х Қызыл шербет
12.00 Тайм вайн
12.20 Тик ток шоу
12.40 кино
15.40 кино
18.00 Кино
20.00 Информбюро
21.00 сериал
22.00 кино
01.20 «31 әзіл»
02.30 Тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
07.00, 00.40 Т/х «Алданған арман-2»
08.00, 18.00 т/х
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.30, 21.40 Сериал
13.30 Т/х
15.30 Сериал
16.30 т/х
23.40 Т/х
01.40 Т/х
02.55 Жеңіп көр
03.40, 05.00 келесі кім?
04.10 Тағдыр ойыны
05:52 Үзіліс

Жұма - Пятница, 9 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.15 Әнұран
06.05,03.50 «Шебер»
06.30,10.00, 13.00,20.00,23.10 Ақпарат
07.00 «Ауылдастар»
07.30 «Алтын қақпа»
08.15,13.30 «Сақшы арыстан»
09.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Телехикая «Зейнеп»
12.00 «Қызық екен...»
12.45 «Олимпиада күнделігі»
13.10 «Жазғы дабыл»
13.50 «Замандастар»
14.40 «Тату-тәтті»
20.30 «Жат бауыр»
22.15 «Өгей өмір»
23.45 «Көңіл толқыны»
00.25 «Жазғы дабыл»
00.45 «Париж-2024.XXXIII жазғы олимпиада»
02.45 «Сана»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кім мықты?»
06.00 «Пәленшеевтер-4»
08.00 «Cover show»
10.00 «Ойталқы»
10.30 «Приключения Моли»
11.15 «Фатмагүл»
14.00 «Олимпиада»
16.30 «Остров ненужных людей»
17.20 «Олимпиада күнделігі»
17.30 «Олимпиада»
21.00 «Олимпиада»
00.40 «Cover show»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.40 «Жұрттың балалары»
07.10 М/ф «Маша и медведь»
09.20,21.00 «Алпарслан»
10.20, 17.40 «Весна моего сердца»
11.30 «Абай жолы»
12.50 «Қарлығаш күзет»
13.50,23.25 «Көкжалдар әміршісі»
14.45 «Бесплатный адвокат»
15.25 «Склифосовский-5»
16.35,01.20 «Хорошие руки»
18.50, 00.15 «Нюхач-3»
20.00 «Astanatimes»
20.30 Сериал «Саке-2»
21.55 «Адасқан сезім»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово!»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 «Принц сибири»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.25 «KOREMIZ»
15.25 «БЕЙКҮНӘ»
16.25 «Артист»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 « KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
22.00 «Спасти или уничтожить»
02.30 «Новости»
02.40 «Жаңалықтар»
03.05 «П@утина»
03.50 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07.30 «Тоғжан»
09.45 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
12.40 «Катина любовь»
17.10 «Вскрытие покажет-2»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Дау-дамайсыз.Күнде»
21.00 Вечерние новости
21.35 «Катина любовь»
01.55 «Вскрытие покажет-2»
04.05 «Дау-дамайсыз»
04.50 Кешкі жаңалықтар
05.15 «Тоғжан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Алматы облысы)
11.00 Новости (Жетісу облысы)
11.30 М/ф «Оқсыз оқиға»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Дала үні»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Туынды тарихы»
16.45 «Әсем әуен»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 TikTok show
08.30 «Маша и медведь»
09.30 «Әмірші әйел»
11.00 «Қызыл шербет»
12.00 Time Vine
12.20 TikTok show
13.00 «Новая полицейская история»
16.00 «Механик»
18.00 «Снайпер. Финал убийцы»
20.00 Информбюро
21.00 «Клюквенный щербет»
22.00 «Чужие против хищника. Реквием»
00.00 «Әмірші әйел»
01.20 «31 әзіл»
02.40 Time Vine
03.00 TikTok show
03.20 What 's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALLA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q –елі»
07.00, 00.50 «Алданған арман-2»
08.00, 18.00 «Ананди-2»
10.00, 20.00 «Великолелный век, хюррем»
11.30, 21.40 «Эртугрул»
13.30 «Шелест»
16.30 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
22.40 Динара Сатжан
23.50 «Кухня»
01.50 «12 Күн»
03.05 «Жеңіп көр»
03.50 «Тағдыр ойыны»
04.50 «Келесі кім?»
05.42 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 10 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 20.00 Ақпарат
07.00 «Шаңырақ»
07.35 «Киелі сахна»
08.05 «Талаптың мініп тұлпарын»
08.35 «Көңіл толқыны»
09.35 «Сақшы арыстан»
10.00, 18.00 Т/х «Зейнеп»
12.00 «Олимпиада күнделігі»
12.10 «Теледәрігер»
13.10 «Ұлытау ұлы»
15.10 «Құнанбай»
17.00 «Күйеу бала»
20.30 «Жарқын жүздесу»
22.15 «Өгей өмір»
23.10,02.35 «Париж-2024»
00.25 «Париж-2024»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Мәртебелі өнер»
06.30 «Jeti Qazyna»
08.00 Концерт «Қара бала»
10.00 «Элвин и бурундуки-2»
11.20 «Приключения Моли»
12.00 «Рыцарь дня»
14.00 «Олимпиада»
16.30 «Келінжан»
19.00 «Бес жұлдыз»
20.30 «Олимпиада»
23.00 «Олимпиада»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.40 «Жұрттың балалары»
07.10 М/ф «Маша и медведь»
09.20, 21.00 «Алпарслан»
10.20 «Болмыс»
11.20 «Абай жолы»
12.35 «Ән мен әнші»
15.00 «Бесплатный адвокат»
18.15 «Саке»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «СЕН BOSSЫН»
01.25 «Көру керек!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
08.10 «П@утина»
09.05 «Поехали!»
10.15 «Ограбление по-женски»
14.40 «Опасное заблуждение»
18.25 «Маруся фореvа»
20.00 «Сестра по наследству»
00.10 «Сердце мира»
02.15 «П@утина»
03.00 «ТАМАША CITY»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
08.00 «Өмір құбылыстары»
09.00 Вечерние новости
09.35 «Было дело»
11.55 «Картина любовь»
16.00 «Қарапайым-Ханшайым»
18.00 Шымкент-шоу
21.00 «Дорога домой»
01.30 «Пленники»
03.10 «Қарапайым-Ханшайым»
04.50 «Өмір құбылыстары»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Алматы облысы)
11.00 Новости (Жетісу облысы)
11.30 М/ф «Түркістан»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің балалық шағым»
13.40 «Әсем әуен»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
17.00 «Әсем әуен»
17.40 «Мен сені естімеймін»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 КР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.30 Ризамын
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Шаншар»
11.40 «Маша и дударай»
14.00 «Потерянное звено»
16.00 «Пиксели»
18.20 «Человек паук-2»
21.10 «2012»
00.30 «Агашки по вызову»
02.10 «Біздің шоу»
03.40 Time Vine
04.10 TikTok show
04.40 Әзіл студио
05.00 1001 Әзіл
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00 Жұлдызды шаңырақта
07.30 «SUPER BOL»
08.00,18.00 «Ананди-2»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.30,21.40 «Эртугрул»
12.30 «Крёстная»
16.30 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
22.40 Әзіл әлемі
23.40 «Кухня»
00.40 «Зың – зың Күлпәш»
01.10 «Бастық боламын»
03.00 «Няня MAN»
04.00 «Тағдыр ойыны»
05.00 «Келесі кім?»
05.42 Үзіліс

Жексенбі - Воскресенье, 11 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 Әнұран
06.05,04.10 «Шебер»
06.30 «Ақпарат»
07.00 «Дәуір даналары»
07.45 «Алтын қақпа»
08.30 «Сағындырған әндер-ай!»
09.35,03.50 «Ақсауыт»
10.00,18.00 «Зейнеп»
12.00 «Олимпиада күнделігі»
12.15 «Жарқын жүздесу»
14.00,02.25 Көңіл толқыны
15.05 «Күйеу бала»
20.00 «Отандастар»
20.45 «Әнім сен едің...»
22.15 «Өгей өмір»
23.15 «Париж-2024»
03.05 «Күміс көмей»

ХАБАР

05.00 «Мәртебелі өнер»
06.30 «Ieti Qazyna»
08.00 Концер «Жүрегім ақ»
10.00 «Элвин и бурундуки-3»
11.20 М/ф «Приключения Моли»
12.00 «Игры шпионов»
14.00 «Олимпиада»
17.15 «Келінжан»
19.30 «Қызық times»
21.00 «Маған назар аудар»
23.00 «Олимпиада күнделігі»
23.15 «Олимпиада»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.40 «Жұрттың балалары»
07.10 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан»
10.00 «Болмыс»
11.00 «Шымкент-шоу»
14.20 «Зу-Зу Күлпәш»
15.20 «СЕН BOSSЫН»
17.25 «ВА-БАНК»
19.20 «Тойхана»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Привидение»
01.50 «Жайдарман»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
07.45 «П@утина»
08.50 «Воскерсные беседы»
09.00 «Повара на колесах»
10.00 «Ты моя любимая»
14.05 «Я заплачу завтра»
18.05 «Таинственный остров»
20.10 «Радуга в небе»
00.05 «Две звезды. Отцы и дети»
01.50 «П@утина»
02.35 «ТАМАША CITY»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
08.00 «Шымкент-шоу»
10.30 «Юморина»
13.00 «Дорога домой»
17.00 «Махаббат әлемі»
20.00,21.00, 01.55 «Кел, Шырқайық!»
22.00 «Иная Реальнось»
00.40 «Пленники»
02.15 «Кел, Шырқайық!»
03.55 «Махаббат әлемі»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Әсем әуен»
14.45 «Жетісу жауһарлары»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Әсем әуен»
17.40 «Нұрлы жолда»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Париж-2024»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 К/ф «Кәріс келін»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Потерянное звено»
12.30 «Пиксели»
14.50 «Человек паук-2»
17.50 «2012»
21.20 «TOMB RAIDER.Лара Крофт»
00.00 «Чужие против хищника. Реквием»
01.40 «31 Әзіл»
02.40 Time Vine
03.00 TikTok шоу
03.30 1001 Әзіл
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00 Қызықты Weekend
08.00,18.00 «Ананди-2»
10,00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.30,21.40 «Эртугрул»
12.30 «Завтра будет новый день»
16.30 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
23.40 «Кухня»
00.40 «Зың-зың Күлпәш»
01.10 Бастық боламын»
03.00 «НЯНЯ MAN»
04.00 «Тағдыр ойыны»
05.00 «Келесі кім?»
05.42 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

ЖЕКЕ КЕПІЛГЕРЛІКТІҢ МӘНІСІ НЕДЕ?

ЖАЛПЫ ҚАСАҚАНА БОЛСЫН НЕМЕСЕ БІЛМЕСТІКТЕН БОЛСЫН ТҮРЛІ СЕБЕПТЕРМЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРГЕН АЗАМАТҚА ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛҒАННАН КЕЙІН МӘН-ЖАЙДЫҢ БӘРІ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРІЛІП, АҚ-ҚАРАСЫ АНЫҚТАЛҒАНҒА ДЕЙІН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫ ТАҢДАЛАДЫ.

Мәжбүрлеу шараларын, соның ішінде бұлтартпау шараларын жүзеге асыру адамдардың жеке басының бостандығын және өзге де құқықтарын шектеуге соқтыратын болғандықтан ол шараларды қолдану заңдылық принципін қатаң сақтауды талап етеді. Сонымен қатар, ҚР Конституциясы мен Қылмыстық процестік заңында көзделген басқа да принциптер сақталуға тиісті, соның ішінде, тұлғаның жеке басына тиіспеушілік, қадір-қасиетін құрметтеу, кінәсіздік презумпциясы, тағы да басқа принциптер. Кінәсіздік презумпциясына сәйкес сот үкімі шыққанға дейін сезікті айыпталушы тұлға кінәсіз болып есептеледі. Сондықтан тұлғаға бұлтартпау шарасын қолданған кезде осыны еске сақтау іс жүргізуші органның негізгі міндетінің бірі болып табылу қажет.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 137-бабында бұлтартпау шаралары және қосымша шектеулердің түрлері белгіленген. Атап айтқанда, 1) ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат; 2) жеке кепілгерлік; 3) әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру; 4) кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру; 5) кепіл; 6) үйқамақ; 7) күзетпен ұстау бұлтарпау шаралары болып табылады.

Жасыратыны жоқ, осы бұлтартпау шаралары ішінде кепіл мен жеке кепілгерлік түрлерінің арасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктері туралы азаматтардың көбі шатастырып, білмей жатуы да мүмкін. Ендеше, өзіміздің шағын мақаламызда жеке кепілгерлік бұлтартпау шарасының мәнісі неде екені жайлы толығырақ мағлұмат бере кетсек артық болмас. Мәселен, жеке кепілгерлік күдіктінің, айыпталушының тиісті мінез-құлқын және олардың қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуін сенімге лайық адамдардың өз жауапкершілігіне алатыны туралы жазбаша міндеттеме қабылдауынан тұрады. Кепілгерлердің саны екеуден кем болмауы тиіс. Бұлтартпау шарасы ретінде жеке кепілгерлікті таңдауға кепілгердің жазбаша өтінішхаты бойынша және өзіне қатысты кепілгерлік беріліп отырған адамның келісуімен ғана жол беріледі. Кепілгер жеке кепілгерлік туралы қолхат береді, онда ол өзі кепілгер болып отырған адамға қатысты күдіктің мәні, күдікті, айыпталушы алдын алу үшін осы бұлтартпау шарасы қолданылған әрекеттерді жасаған жағдайда кепілгердің өзіне ақшалай өндіріп алуды қолданудан тұратын жауапкершілігі түсіндірілгендігін растайды.

Кепілгер қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде кепілгерліктен бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда, бас тартылған кезден бастап қырық сегіз сағат ішінде күдіктіге, айыпталушыға қатысты осы Кодекстің 136-бабы бірінші бөлігінің талаптары ескеріле отырып, өзге бұлтартпау шарасы таңдалуға тиіс. Күдікті, айыпталушы алдын алу үшін жеке кепілгерлік қолданылған әрекеттерді жасаған жағдайда сот әрбір кепілгерге осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алуды қолдануы мүмкін.

Асқар БЕЙІМБЕТОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ ТУРАЛЫ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢІС-ӘРЕКЕТІН РЕТТЕЙТІН КӨПТЕГЕН НОРМАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ НОРМАЛАР БАР. БҰЛ НОРМАЛАРДЫ САҚТАМАСА ЕШҚАНДАЙ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БАСҚА СУБЪЕКТІСІ ҚАЛЫПТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАП, ӨМІР СҮРЕ АЛМАЙДЫ. ОСЫНДАЙ НОРМАЛАРДЫ ҚАҒИДАТТАР ДЕП АТАЙДЫ.

Негізгі қағидаттардың міндеті сипаты мынаны білдіреді – мемлекет оларды өзінің сыртқы саясатында, халықаралық құқықтың басқа субъектілерімен қарым-қатынастарында ғана қатаң сақтап қоймайды, сонымен қатар өзінің ішкі саясатында да сәйкестендіруі тиіс.

Халықаралық келісім құқықтары туралы Вена конвенциясының 2-бабы 1-бөлігі «а» тармағында халықаралық келісімшарт туралы – бұл мемлекеттер арасында жазбаша түрде жасалған және мұндай келісім бір құжатта немесе бір біріне байланысты бірнеше құжатта мазмұндалғандығына, оның аталуына қарамастан халықаралық құқықтармен реттелетін халықаралық шарт деп түсіндірілген. ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағында республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады. «Құқықтық актілер туралы» ҚР 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 6-бабы 2-тармағында да осыны жариялайды. Осылайша, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттардың республиканың ұлттық заңнамасының алдында басымдығы болатынын мойындайды.

ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағына сілтеме жасай отырып, соттар халықаралық шарттар нормаларын егер халықаралық нормаларда республика заңдарынан басқа қағидалар мазмұндалған жағдайда ғана қолданады. Алайда, халықаралық шарттар нормаларын сондай ақ, қандай да бір ұғымды ашу үшін де қолдана алады. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сотпен қорғауды қамтамасыз етуге шартта елеулі орынға берілген және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңдары шегінде халықаралық құқықтар нормаларын басшылыққа алуға соттарды міндеттейді.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабының негізіндегі әр адам, конституциямен немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда, құқығын құзыретті ұлттық сот арқылы тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы деген қағида кез келген азаматтық істерде қолданудың әмбебап нормалары болып табылады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабы 1-тармағындағы сот пен трибунал алдында жұрттың бәрі тең. Әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қайсыбір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және әділ сот арқылы ісі әділетті және ашық қаралуын талап етуге құқылы деген талаптары басқа неғұрлым кеңейтілген әмбебап нормасы болып табылады.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

МЕДИЦИНА

3 МЫҢҒА ЖУЫҚ ПАЦИЕНТ ЕМ ҚАБЫЛДАП, ОТА ЖАСАТТЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ КАРДИОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ – БІЗДІҢ ӨҢІРДІҢ ҒАНА ЕМЕС, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДА АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БІРІ. ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ОРТАЛЫҚТА 3 МЫҢҒА ЖУЫҚ ПАЦИЕНТ БІЛІКТІ ЕМ ҚАБЫЛДАП, ОТА ЖАСАТҚАН. МҰНДА ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖҮРЕК ПЕН ҚАН ТАМЫРЛАРЫНА КҮРДЕЛІ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖАСАЛАДЫ.

Мамандардың айтуынша, қан айналымы жүйесінің аурулары әлемде таралуы бойынша 1-ші орында тұр және бұл сырқат түрлері жылдам «жасаруда». Бұған көптеген факторлар әсер етеді: дұрыс тамақтанбау, экология, физикалық белсенділіктің болмауы, жаман әдеттер және т.б. Осыған байланысты облыстық кардиологиялық орталықта қан айналымы жүйесі аурулары бар науқастар санының жыл сайын артып отырғаны байқалады.

Мәселен, кардиологиялық орталық директорының айтуынша, жыл сайын медициналық мекеменің клиникалық-диагностикалық бөлімшесіне 20 мыңнан астам пациент қаралуға, кеңес алуға, УЗИ және басқа да тексерулер үшін жүгінеді.

«Бізде МӘМС бойынша тегін негізде жыл сайын екі мыңға жуық коронарография операциясы жүргізіледі, интервенциялық кардиологиялық бөлімшеде мыңдаған пациенттерге стенттер орнатылады. Сонымен қатар, электрокардиостимуляторларды имплантациялау бойынша 150-ден астам операция, 120-дан астам ИКД имплантациясы (кардиовертердефибрилятор), 50-ден астам күрделі қайта синхрондау құрылғыларын имплантациялау және жүрек ырғағын қалпына келтіру үшін 100-ге жуық операция, 400-ге жуық ашық жүрекке операция жасалады. Ашық жүрекке операция жасау – бұл коронарлық артерияларды, жүрек пен қолқа қақпақшасын ауыстыратын күрделі және жауапты процедура. Яғни Талдықорғанда жүрек трансплантациясынан басқа барлық операциялар жасалады. Бұл ретте біз жұмысқа резидентурада оқып, оқуын аяқтаған дәрігерлерді ғана қабылдаймыз», – деп атап өтті облыстық кардиологиялық орталықтың директоры Нұрсан Сурашев.

Бүгінгі таңда Жетісу тұрғындары барлық хирургиялық интервенциялық көмекті Талдықорғанда ала алады. Айта кетейік, соңғы жылдары орталыққа Қазақстанның басқа қалаларынан келген пациенттер де жиі жүгіне бастады, сондай-ақ таяу шетелдерден келетін пациенттердің де саны артқан.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

СОТ ЖҮЙЕСІ

КӨПШІЛІККЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕ

Бұл күндері еліміздің сот жүйесіне етене еніп, сотқа қатысушы тараптардың сенімді серігіне айналған «Сот кабинеті» – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қол – жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.

Осы сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның заңды өкілі, адвокат немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады.

Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат қана тұтына алады.

Күнделікті көріп жүргеніміздей, қазір талап қоюлардың, өтінішхаттардың электронды түрде түсуі соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақытын үнемдеп, жұмысын жеңілдетті. Айталық, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын кетірмей, үйінен талап қою жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Сотқа жүгінген азамат талап қоюы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына оның арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді. Мұның бірі тағы жақсы жағы мұндай тәсіл сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызуға тосқауыл қояды.

Мұнымен қатар, Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында іске қосылған «Сот құжаттарымен танысу» сервисі сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік беретінін де атап өткен орынды.

Саят КӨКЕБАЕВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының аға сот приставы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗ ҚАЛПЫНДА

ТАҒЫЛЫМДЫ САПАР

Жүре берсең көре бересің. Бұл біздің қарттығымызға да, алыс-жақын сапарларға да байланысты айтылса керек.

Осы жылдың 10 ақпанында шырайлы Шым қалаға курстасым Мергенбайдың 75-ке, Закурамен отасқанына 50 жыл толуына арналған мерейлі алтын тойына бет алдық. Қадірімді арттырып жүрген көрші жігіт Жасан: «Апа, ұшақты, пойызды қойып, менің тұлпарыммен барыңыз. Жүргізуші де өзінің Темірландағы үйіне барып қайтсын», – дегені.

Алматыдан Тоқтар Абайлдаев пен бәйбішесі Сәуле, менің жан құрбым Тамара қосылып, бәріміз қуанышты бөлісуге жол тарттық.

Баяғыдай емес, елді мекендерге кірмейақ жібектей төселген теп-тегіс айналма жолдармен жүріп отырып Шымкентке қалай жеткеніміздің де білмей қалдық. Қуанышымызға орай ауа райы да жайлы болды. Сонымен, тойда еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, 53 жылдан кейін бас қосып жатқан курстастарға арналған қонақасы да дүрілдеп өтті.

12 ақпан күні ауа райы бұзыла бастағанда тәуекелге бел буып жолға шықтық. Жамбыл облысына жете бергенде қарлы боран басталды. Сосын жолдың бойындағы дәмханалардың біріне тоқтап, ыстық шайымызды ішіп, көңілімізді демдеп отырғанда Тоқаң (Тоқтар) жолдағы Ақыртөбе аулындағы Ғалымбекке телефон шалады. «Біз келе жатырмыз, күре жолға шығып, баяғы қалып кеткен затымды бере сал», – деді.

Бұл Тоқаң – әйгілі педагог, Алматы облыстық, Алматы қалалық оқу бөлімінде, тіпті оқу министрлігінде қызмет істеген, ұзақ жыл директорлық қызмет атқарған азамат. Қазір Сәуле екеуі де қажы атанған. Кешегі Тұманбай, Иран-Ғайып сияқты тұлғалардың талайымен дәмдес болғандағы хикаялары да көп.

Жып-жылы, жайлы джиптің ішінде әңгімені соғып келе жатырмыз. Жол қиындығын жүргізуші Дәулет өзі көріп келеді. Бір кезде Тоқтар маған: «Әй, Бәке. Менің Ақыртөбедегі туыстарым дастарқан жайып қойыпты. Етін түсіріп, қамырын сайлап отыр екен. Кіріп шық деп қоймай отыр», – деді. Жүргізуші Дәулет:

«Аға, күн болса мынау...» – деп шошып кетті. Төртеуі жауап күтіп менің бетіме қарады. Айнала аппақ боранға айналып барады.

– Тоқа, бәрі бір құдайдың қолында. Сол дастарқанды аттап кетпей-ақ қояйық. Бәлкім, одан да бір қайыр бар шығар. Қордайда тұрғанша осында аялдайық. Бір сағаттың арысы не, берісі не?.. – дедім.

Алдымызда тұрған «Этноауыл» деп аталатын қазақ үй үлгісіндегі дәмхана кешені де біз баратын шаңыраққа тиесілі екен. Алайда, бір шақырымдай бұрылып, Ақыртөбе ауылына кірдік.

Береке дарыған отбасы екені көрініп тұр. Жасы бізбен қатарлас бәйбішесі өзіміз сияқты ұстаз болған екен, келіні де қазір мектеп директорының орынбасары. Ол бізге бола жұмысынан сұранып келіп, алдымызда құрақ ұшып жүгіріп жүр. Дастарқанға ас та қойылды, қымыз да келді. Тамақтанып болып Тамара екеуміз де сыртқа шықтық. Бір кезде қазан-ошақпен жалғасқан бастырма астындағы итті көріп сөйлей алмай қалдым. Қызықты қараңыз, төсеніш үстінде шалқасынан жатқан сары иттің омырауында сары мысық жатыр. Ит менен ұялғандай аунап түскені сол-ақ еді әлгі мысық енді иттің арқасына жайғасты. «Дәулет, Дәулет, тез жет, мынаны суретке түсірші!» – дедім жүргізуші жігітке.

Бұл көрініс маған қатты әсер қалдырды. Тоқаң мен Сәуле шыққан соң көлікке отырып кеттік. Жолдағы сақшылар Қордайдың асуына жақындатпай, 55 шақырым артық жүретін жолға салып жіберді. Шүкір, жол азабын көрмей тез жеттік.

Үйге келген соң Дәулет әлгі ит пен мысықтың суретін телефоныма салып жіберіпті. Осыған көп ойландым... Апырай-ә, ит пен мысықтың ырылдасса да бір-біріне тимей бір аулада жүре беретінін көріп жүрміз. Омырауына бір, арқасына бір жатқызып немересін аялаған ата-әже сияқты иттің мысықты сонша еркелетуін көрмеппін. Ал біз адам бола тұра кейде тіпті ағайынымызбен арпылдасып, көршімізбен араласпай жүреміз. Кейбіреулер бір отбасында жүріп бір-бірінің жағдайын білмейді.

Жаңағы ит мен мысықты көзіме елестетіп отырғанда мына өлең жолдары ойыма орала кетті.

Бір мысық пен ит бопты
Достықтары хит бопты.
Әттең тілін білмеймін
Шулататын тик-токты.

Артынан шабытым ашылып, мынадай өлең жолдарын қағаз бетіне түсірдім:

«Дәм татып кетсінші деп жатыр», – деген
Тоқаңның туған елі Ақыртөбе.
Асығыс болсақ-тағы түстенгенбіз,
Кетейік аттап өтіп асын неге?
Үйден шықсам алдымда жатыр төбет
Селт еттім, шошып ғазиз басым кенет.
Көзіміз түйіскенде берді белгі,
Мазаны алмай өте бер, шошынба деп.
Сары мысық ит жонында еркелейді,
«Сенің терің жып-жылы көрпе» дейді,
Бұлар үшін тыныштық болса болды,
Қонағың кетсе мейлі, келсе мейлі.
Ойландым үйіме кеп бұл іс жайлы,
Ақыртөбе ауылы ұрыспайды.
Апырау, ит пен мысық мұндай болса
Тыныштыққа неге жұрт тырыспайды?!
Кім үйреткен бұл итке ізгілікті,
Сары мысық не деген қыз қылықты!
Адамдарға көрсетіп бұл сабақты
Періштелер жүр ме екен, кім біліпті...

Бағым апа.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

АЙТАРЫМ БАР

Телефонға тәуелділік тығырыққа тірейді

Сәби дүние келгенде ата аналардың қуанышында шек болмай мәре-сәре болып, балаларының болашақта бақытты ғұмыр кешіп, елінің елеулі, халқының қалаулы азаматы болуын тілеп, соларға ұқсап өссін деп ұлы тұлғалардың есімдерін ырымдап таңдап қойып жатады. Бұл, әрине, заңды құбылыс. Өнегелі ұрпақ өсіру ата-ананың асыл парызы, басты арманы ғой.

Алайда, бізге келіп түсіп жатқан істерді қарау барысында бізді ата аналардың бала тәрбиесіне жүрдім бардым қарап, тіптен, тәрбие тізгінін еркіне қоя бергендіктерін көзімізбен көріп, көңілімізге тоқып, қатты қынжыламыз. Қарап отырсақ, кейбір ата-ана баласының айыптылар орындығында отырғанының өзінде оның тағдыры қыл үстінде тұрғанын жете сезінбей, сот процестеріне дәлелді себепсіз келмей қалуын қалай түсінуге болады?! Құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған балаларға сот талқылауы барысында «ата-ана қарауына тапсыру» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылып жатады. Тек сот үкімді оқып, кінәлі деп танылған баласын сот залынан дереу қамауға алу туралы пәрмен бергенде ғана үлпілдетіп, үлде мен бүлдеге орап отырған баласының қоғамнан оқшауланып, абақтыға айдалып бара жатқанына сонда ғана көзі жетіп, байбалам салып, аңырап жылай бастайды. Сол сәтте ғана «Неге?» деген сұрақтарды жаудырып кеп береді. Неге ертерек білмедім екен? Неге осылай теріс жолға түсіп кеттің? Неге көңіл аудармадым екен? Тағы сол сияқты сауалдар.

Баланың теріс жолға түсіп кетуінің себептерін тізбелей берсек жетіп артылады. Соның басты себептерінің бірі – баланың телефонға тәуелді болуы. Мына бір мысалдың өзі осы ойымызға нақты дәлел болса керек. Бірде сот ғимаратына келген жас балалы әйел процестің кезегін күтіп отыр екен. Қолындағы баласы бір жастың шамасында сияқты. Әлгі бала шырылдап қолды аяққа тұрмай, жылауын тоқтатпады. Сол кезде анасы қолындағы ұялы телефонын бере салып еді жаңағы сәби дым болмағандай жылауын сап қойып, кәдімгідей телефонның түймелерін басып, қызыға көруге кірісті. Біз де қызығушылық танытып, анасынан сұрастырып едік, оны жұбату үшін қаршадайынан телефонды ұстата салатынын мақтаныш қылып айтып берді. Жай телефонды берсе алмай, лақтырып жіберетінін де қосып қойды. Демек, баланың телефонға тәуелділігін ата-анасының өзі талбесіктен бастайтыны белгілі болып отыр ғой. Сонда, баланы тыныштандырудың басқа амалы таусылып қалып па. Жылап еңіреп, мазаны алмасын деп, жан тыныштығын ойлап қолына телефон ұстата салу, сонда баланы тыныштандырып, сабасына түсірудің ең оңай жолы болғаны ғой.

Ал енді бала өскен сайын телефонмен біте қайнасып, күндіз түні көз алмай шұқшиып отыруды дағдыға айналдыратыны да құпия емес қой. Сонда ата анасы ол телефоннан күнделікті қандай ойындарды ойнайды, қандай ақпараттар мен хабар ошарды тамашалайды, немен әуестеніп жүр деген оймен баласының телефонын қадағалауға да мұршасы келмей жататыны өте өкінішті-ақ. Болмаса, уақтылы қадағалап отырса, жағымсыз бағдарламаларды, теріс тәрбие беретін сайттарды көріп жүргенін байқап, дер кезінде тойтарыс беріп қойса, тура жолдан тайғызбауға мүмкіндігі де болар еді-ау. Содан кейін өкініштен өзегі өртеніп, әттеген-ай, неге ертерек қолға алмадым екен деп бармағын да шайнамас еді...

Айыптылар орындығына отырған балалардың жеке басын анықтап, талдау жасағанда олардың басым көпшілігі ата-анасы бақылаусыз емін еркін жіберіп, «әй дейтін әжесі, қой дейтін қожасы» болмаған еркетотайлар немесе баласына қарамақ түгілі өзінің басын әзер алып жүрген ата-анасы бар шырқы бұзылған отбасыларда тәрбие көргендер. Ендеше қара бастың қамын ойлап, телефон беріп тыныштандырып, кейіннен телефонға тәуелді қылып тәрбиелеудің ақыры тығырыққа әкеп тірелетінін де естен шығармаған абзал. Оның үстіне, күні бойы телефонға шұқшиып, телміріп отырған баланың көзжанары да ерте солып, көзәйнекке жүгінуге мәжбүр болады. Бүкшиіп отырғандықтан омыртқалары да майысып, бүкір немесе еңкіш болып қалады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бала тәрбиесіне басымырақ мән берсек жасөспірімдер арасында теріс қылық жасау мен құқық бұзушылыққа бару деректері анағұрлым азаяр еді.

Лаура БИНАЛИ,
Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГОСПОСОБИЙ

ВЫПЛАТИЛИ 453 МЛРД ТЕНГЕ ПО ПЯТИ ВИДАМ ПОСОБИЙ

ПО ИТОГАМ ПЕРВОГО ПОЛУГОДИЯ 2024 ГОДА, БОЛЕЕ ОДНОГО МИЛЛИОНА КАЗАХСТАНЦЕВ ПОЛУЧИЛИ СОЦИАЛЬНЫЕ ВЫПЛАТЫ ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФОНДА СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ (ГФСС) ПО ПЯТИ СОЦИАЛЬНЫМ РИСКАМ НА СУММУ 453 МЛРД ТЕНГЕ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

В сообщении Министерства труда и социальной защиты населения (МТСЗН) за 30 июля 2024 года сказано, что социальная выплата по случаю утраты трудоспособности назначается участникам системы обязательного социального страхования дополнительно к государственному социальному пособию по инвалидности, которое выплачивается за счет бюджетных средств.

Выплата из ГФСС осуществляется в период утраты общей трудоспособности в степени от 30 до 100%, установленной медико-социальной экспертизой, и независимо от продолжения трудовой деятельности.

«На 1 июля 2024 года данную выплату получили более 94,8 тыс. человек на сумму 23,1 млрд тенге, что на 31% больше по сравнению с аналогичным периодом 2023 года. Ежемесячный средний размер назначенной выплаты составил 57 220 тенге», - пресс-служба МТСЗН РК.

Социальная выплата по случаю потери кормильца назначается лицам, которые были на иждивении у участника системы обязательного социального страхования, дополнительно к государственному социальному пособию по потере кормильца, которое выплачивается за счет средств бюджета. Выплата из ГФСС осуществляется до достижения иждивенцами 18 лет, а в случае очной формы обучения — до 23 лет.

«За шесть месяцев указанную выплату получили 63,4 тыс. семей, потерявших кормильца, на сумму 17,1 млрд тенге, что на 37% больше по сравнению с аналогичным периодом 2023 года. Ежемесячный средний размер назначенной выплаты составил 59 968 тенге», - пресс-служба МТСЗН РК.

Социальная выплата по случаю потери работы из ГФСС назначается участнику системы соцстрахования независимо от причины его увольнения.

Главное условие — регистрация в качестве безработного. Размер выплаты зависит от среднемесячного дохода, с которого производились социальные отчисления в ГФСС за последние два года перед регистрацией в качестве безработного, стажа участия в системе и коэффициента замещения дохода (45%).

«За первое полугодие 2024 года данная выплата осуществлена на сумму 39 млрд тенге, ее получили 180,2 тыс. человек, что в 1,6 раза превысило количество получателей за шесть месяцев 2023 года. Ежемесячный средний размер назначенной выплаты — 73 081 тенге», - пресс-служба МТСЗН РК.

Социальная выплата по случаю потери дохода в связи с беременностью и родами, усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей) назначается на все дни отпуска по беременности и родам. Размер выплаты зависит от среднемесячного дохода, с которого производились социальные отчисления в ГФСС за последние 12 месяцев до даты отпуска по беременности и родам, и количества дней нетрудоспособности.

«По состоянию на 1 июля 2024 года эту единовременную выплату получили 129,5 тыс. человек на общую сумму 180,8 млрд тенге, которая на 11% больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Средний размер назначенной выплаты составил 1 528 846 тенге», - пресс-служба МТСЗН РК.

Ежемесячная социальная выплата по случаю потери дохода в связи с уходом за ребенком до полутора лет назначается участнику системы соцстрахования с даты рождения ребенка. Размер выплаты составляет 40% от среднемесячного дохода, с которого производились социальные отчисления в ГФСС за последние два года. При рождении двух и более детей выплата назначается на каждого ребенка отдельно.

«За шесть месяцев данная выплата назначена 137,7 тыс. человек, ее ежемесячный средний размер составил 81 823 тенге. Выплата произведена на сумму 193 млрд тенге, что почти в 1,6 раза больше, чем за аналогичный период 2023 года», - пресс-служба МТСЗН РК.

15 мая 2024 года сообщалось, что с начала 2024 года 785 казахстанцам назначены социальные выплаты из Государственного фонда через Цифровую карту семьи (ЦКС).

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

НАЛАДИТЬ ПРОИЗВОДСТВО ДРОНОВ ХОТЯТ В КАЗАХСТАНЕ

НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ЗАЯВИЛ О НЕОБХОДИМОСТИ ПРОИЗВОДСТВА ДРОНОВ В КАЗАХСТАНЕ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ NUR.KZ.

«В целом, беспилотные летательные аппараты имеют большой потенциал для использования в различных отраслях экономики. Поэтому Министерству промышленности следует рассмотреть вопросы локализации производства дронов в Казахстане», — заявил премьер-министр Олжас Бектенов.

По его мнению, использовать дроны в Казахстане можно для аэровизуального обследования лесов и степей.

«Отсутствие современной техники и средств тушения природных пожаров замедляет принятие оперативных мер в борьбе с огнем. В этой работе следует активно применять цифровые системы реагирования. Надо широко использовать беспилотные летательные аппараты. Благодаря внедренной на территории национального парка “Бурабай” смарт-системы в последние годы значительно сократились площади пожаров и повысилась оперативность реагирования. Этот опыт нужно использовать и в других природных парках и резерватах», — заявил Бектенов.

Также для обнаружения пожаров премьер предложил использовать искусственный интеллект.

Напомним, в апреле сообщалось, что за паводками на севере Казахстана начнут следить с помощью дронов. Тогда сообщалось, что петропавловский завод обеспечил ДЧС дронами собственного производства для круглосуточного наблюдения за паводковой ситуацией.

А в Туркестанской области с помощью беспилотников проводится обработка земель от мароккской саранчи. Отметим, что в Казахстане полеты беспилотных летательных аппаратов регламентированы правилами эксплуатации БПЛА в воздушном пространстве Республики Казахстан. Они разработаны в соответствии с положениями Закона РК «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации» и определяют порядок эксплуатации беспилотных летательных аппаратов в воздушном пространстве Казахстана.

ЭЛЕКТРОННЫЕ СЕРВИСЫ

В последние годы судебная система Казахстана кардинально преобразовала свою деятельность, активно внедряя информационные технологии. Это позволило повысить эффективность работы судов всех уровней, перейти на новый уровень качества управления судебной деятельностью.

ШИРОКО ВНЕДРЯЮТСЯ СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Одной из процессуальных гарантий справедливого и демократического правосудия признается возрастание роли принципов открытости, прозрачности, гласности, публичности, доступности судопроизводства. В последнее время все большее применение находит иностранный термин «транспарентность», что в буквальном переводе означает «прозрачность», «доступность».

Вряд ли можно нам сейчас говорить о том, что наша судебная система является закрытой. Это абсолютно не так. Прежде всего, в связи с тем, что существуют нормы уголовно-процессуального законодательства, которые говорят о том, что все наши судебные процессы являются открытыми. И закрытыми процессы являются, в соответствии со статьей 29 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан, только в тех случаях, когда к этому имеются определенные запреты.

Практика показывает, что в последнее время получение достоверной, объективной информации о работе судов и о делах, ставших предметом судебного разбирательства, не является острой проблемой для участников процесса, других заинтересованных лиц, всех желающих. Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений.

Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда http://www.sud.kz. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись.

Так, сегодня все участники судебных процессов оповещаются о дате и месте проведения судебных заседаний посредством SMS, электронной почты и сервисов сайтов судов, что предоставляет участникам больше времени на подготовку к процессам.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Илийского районного суда
Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

XXXIII ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА

ҮШКЕМПІРОВТЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Францияның астанасы Парижде XXXIII жазғы Олимпиада ойындары басталды. Халқымыз тақымын қысып, спортшыларымыздың амандығын тілеп, олармен бірге татамиде жүлдеге таласып отырғандай. Бірі жеңілсе, енді бірі туымызды желбіретіп олжалы болып жатыр.

Араға 44 жыл салып қайталанған тарих еліміз үшін ұмытылмас күн болмақ. Артында қолдап отырған отандастарының алауын өшірмей, қайта жаққан Елдос Сметов Олимпиада чемпионы атанды.

Айта кетсек, Елдос Сметовтың Олимпиадаға баруының өзі бөлек бір әңгіме. Ұлттық құрама бапкерлері Сметовке бәсекелес болатын Нұрқанат Серікбаев пен Мағжан Шамшадин секілді спортшыларымыздың сақадай сай тұрғанын атап өткен. Алайда, олимпиадалық рейтингте Нұрқанат Серікбаев пен Мағжан Шамшадин соңғы уақытқа дейін Елдос Сметовтен жоғары тұрған екен. Осындай бас қатырудың нәтижесінде үш бірдей спортшымыз өзара жарысқа түскен. Нәтижесінде Сметов Нұрқанатты да, Мағжанды да еңсеріп, Олимпиадаға жол тартты.

Осыдан 44 жыл бұрын, 1980 жылдың 22 шілдесінде шешуші айқаста болгар Павел Христовтан басым түскен Жақсылық Үшкемпіров Олимпиада чемпионы атанған еді. Айта кетерлігі, Жақсылық Үшкемпіров арнайы дайындық жоспарын жазған деседі. Жоспарға ұйықтау режимін, тамақтану тәртібін, тіпті жаттығулардың реттілігін жазып отырған.

Бүгінде Париждің төрінде туымызды көкке көтеріп, Олимпиада чемпионы атанған Елдос Сметовты халқымыз Жақсылықтың бүгінгі бейнесі деп атап жатыр. Тіпті әлеуметтік желі қолданушылары қос спортшымыздың алтын медаль тағынған сәтінің қандай көз қуантарлық көрініс екенін айтудан жалығар емес.

ҮШ ЖҮЛДЕДЕН КЕЙІНГІ ҮЗІЛІС...

ПАРИЖДЕ АЛАУЫ ТҰТАНҒАН ОЛИМПИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІ ҚОРЖЫНЫМЫЗҒА 1 АЛТЫН МЕН 2 ҚОЛА МЕДАЛЬ ТҮСКЕНДЕ ҚАЗАҚ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ ҚУАНЫШ ПЕН ШАТТЫҚҚА БӨЛЕНДІ.

Барлығымыз арқа-жарқа болып қалған едік. Ал осы аптаның басы біз үшін көңілсіздеу басталды. Дүйсенбі күні жерлестеріміз бірде-бір жүлдеге қол жеткізе алмады.

Данияр даралана алмады

Дүйсенбіде жалғыз дзюдошымыз жарыс жолына шықты. 73 кг салмақ дәрежесінде белдескен Данияр Шамшаевқа зор сенім арттық. Әлі есімізде, 2022 жылы Астанада өткен Азия чемпионатында 20 жастағы жас жолбарысқа бас жүлдені олжалау үшін небары 149 секунд жеткілікті болғаны. Атап айтсақ, Данияр үндістандық Суреш Сингх Нингхоужам мен тәжікстандық Бехруз Қожазожданы 42 секунд, өзбекстандық Мұратжон Юлдашевті 31 секунд, қырғызстандық Шыңғысхан Сағыналиевті 34 секундта еңсерді. Сол кезде барлық БАҚ өкілдері 20 жасар өреннің асқан шеберлігіне тәнті болып, бұл жігіттің ептілігі мен ерлігі жөнінде жарыса жазған еді.

Содан бері екі жыл да зымырап өте шықты. Еліміздің бірінші нөмірлі балуаны ретінде Шамшаев талай дүбірлі додаға қатысты. Бірде ұтты, бірде ұтылды. Бірақ әлем чемпионаты мен Азия ойындары секілді байрақты бәсекелерде оның бағы бір жанбады. Биыл Париж Олимпиадасының тұсаукесер кездесуінде Даниярдың Мұратжон Юлдашевпен күш сынасатынын естігенде қатты қуандық. Дәл сол балуанды Астанада жарты минутта жайпап салғаны туралы жоғарыда айттық. Сол екі жыл аралығында өзбек дзюдошысының шеберлігі қатты өсті ме, әлде қазақ жігіті тұралап қалды ма, әйтеуір, бұл жолы қандасымыз ел сенімін ақтамады. Мұратжонға қарсы бәсеке барысында үш «шидо» алған Шамшаев жарыстан шеттетілді.

73 кг салмақта дүниежүзілік рейтингте бірінші орында тұрған Хидаят Гейдаровтың асығы алшысынан түсті. Жарыс барысында Тохар Бутбул (Израиль), Артур Маргелидон (Канада), Акил Гякова (Косово) және Жоан-Бенжамен Габаны (Франция) жолынан ығыстырған Әзірбайжан балуаны Олимпиада чемпионы атанды. Бұл балуанға бекер тоқталып отырған жоқпыз. Хидаят бізге бөтен емес. Ол 1997 жылы Қарағандыда дүниеге келген. Қазақ жерінде кіндік қаны тамып, осы жақтың ауасымен тыныстап, нәрін бойына сіңірді. Балауса шағында ата-анасымен бірге тарихи отанына оралды. Міне, сол Гейдаров араға жылдар салып, Әзірбайжанның бас балуанына айналды. Атап айтсақ, әлем чемпионы (2024 жылы) және сол жарыстың үш дүркін қола жүлдегері (2018, 2019, 2022) атанды. Еуропа чемпионатын төрт мәрте (2017, 2022, 2023, 2024) ұтып, бір рет күміспен (2018) күптелді. Еуропа ойындарында қола (2019), Дүниежүзілік универсиаданың күміс медалін (2019) еншіледі. Ислам ынтымақтастығы ойындарында (2017) бас жүлдені қанжығасына байлады. Ал 27 шілдеде 27 жасқа толған Хидаят Гейдаров өзінің туған күніне керемет сый жасап, Францияның бас шаһарында «мәңгі тозбас» атаққа қол жеткізді. Молдованың туы астында өнер көрсеткен тағы бір әзірбайжандық дзюдошы Әділ Османов пен жапониялық Сойши Хашимото қола медальді мойнында жарқыратты.

Әйелдер 56 кг салмақтың жүлделерін сарапқа салды. Бұл тартыс Канаданың намысын қорғап жүрген жапон қызы Криста Дегучидің жеңісімен аяқталды. Әлемдік рейтингте көш бастап тұрған екі балуан финалда Оңтүстік Кореяның өкілі Ха Ми-миді қапы қалдырды. Жапониялық Харука Фунакубо мен франциялық Сара-Леони Сизик үшінші орынға табан тіреді.

Қамшыбек те қапы қалды

Бокстан Қазақстанның ерлер құрамасы Парижге толық құраммен барғаны белгілі. «Шу» дегеннен 71 кг салмақтағы Асланбек Шымбергенов шыңнан құлағанда көңіліміз қатты құлазыды. Себебі ол– қатардағы көп боксшының бірі емес. Асланбек – Олимпиаданың ашылу салтанатында қазақтың көк байрағын ұстап шыққан ерен тұлға, ұлттық команданың капитаны, әлем және Азия чемпионы, Азия ойындарының екі дүркін жүлдегері. Париж рингінде 30 жастағы сақа спортшы ойда-жоқта Иорданияның өкілі Зейяд Ишаишке есе жіберді. Дәл сол былғары қолғап шеберін Асланбек бұған дейін бірнеше мәрте сабаған еді. Ал өзінің спорттық жолындағы ең ірі додада қандасымыз жер сипап қалды.

Өзге боксшыларымыз жарысты жеңіспен бастады. 63,5 кг салмақтағы Мұхамедсабыр Базарбайұлы испаниялық Ойер Ибареччені еш қиналмай ұтты. 92 кг салмақтағы Айбек Оралбай нигериялық Олетен Олаорені бірінші раундта бір есеңгіретіп алды. Одан кейін де қарсыласын жақсылап тұрып төмпештеген ол күмәнсіз жеңіске қол жеткізді. 50 кг салмақтағы Назым Қызайбай италиялық Джордана Соррентиноға сан соқтырды. Сол кеште шаршы алаңға шыққан Руслан Абдоллаевтың да айдарынан жел есті. Өзбекстанның намысын қорғаған қазақ жігітінің мексикалық Мигель Анхель Мартинестен мерейі үстем болды.

Сейсенбіде Базарбайұлы Олимпиададағы өзінің екінші кездесуін өткізді. Ол Азия ойындарының финалисі, Азия чемпионатының қола жүлдегері тайпейлік Лай Чжуэньмен қолғап түйістірді. Аса шиеленісті бәсекеде Мұхамедсабыр 3:2 есебімен жеңіс тойын тойлады. Аса ауыр салмақтағы Қамшыбек Қоңқабаев әлем чемпионатының қола жүлдегері, Еуропа чемпионы, испаниялық Айюб Гадфа Дриссимен айқасты. Пиреней түбегінен келген боксшының бойы ұзын, өзі еңгезердей екен. Басқа алып бара жатқан ештеңесі жоқ. Бірақ Қамшыбектің соған да әлі жетпеді. Тәуекелге бармай, жасқана қимылдап, қолын ара-тұра ғана сілтеген саңлағымыз ақыры сан соғып қалды. Бес төрешінің үшеуі Дриссиді мықты деп таныды. Ал Токио Олимпиадасында қола, әлем чемпионатында екі, Азия ойындарында бір және құрлық біріншілігінде төрт күміс алған қазақтың нар тұлғалы боксшысы елге құрқол қайтатын болды. Өкінішті-ақ!

Теннисшілер тегіс ұтылып, мергендер мүлт кетті

Парижге топырлап барған теннисшілеріміз тегістей ұтылды. Алдымен жарақатын желеу еткен Елена Рыбакина мен Юлия Путинцева жарысқа қатысудан бас тартса, өзге ойыншыларымыз алғашқы айналымнан аса алған жоқ. Есесіне үстел теннисінен өтіп жатқан турнирде Кирилл Герасименко табысты өнер көрсетіп жатыр. Бастапқы бәсекеде чилилік Николас Бургостан 4:0 (11:4, 11:5, 12:10, 11:6) есебімен басым түскен еліміздің бірінші ракеткасы іле-шала Германия құрама командасының мүшесі Цю Даннан айласын асырды – 4:3 (6:11, 11:6, 11:13, 5:11, 11:5, 11:9, 11:6). 1/8 финалда Кирилл мысырлық Омар Ассармен шеберлік байқасады.

Ал бадминтоншы Дмитрий Панарин Брайн Яннан (Канада) және семсерлесуші Әйгерім Сарыбай Манон Брюнеден (Франция) ұтылып, жарыстың екінші бөлігіне шыға алмады. Оның алдында ғана тәжірибелі нояндар – Руслан Құрбанов, Вадим Шарлаимов, Эльмир Әлімжанов сүрінген еді. Нысана көздеуден Никита Чирюкина мен Ирина Юнусметова іріктеу сынында 11-орында қалып қойды.

10 метрлік қашықтықтан пневматикалық мылтық атуда Александра Ле алтыншы сатыға жайғасты. Академиялық есуден Владислав Яковлев жартылай финалда бірінші орынды иеленіп, Е тобының финалына жолдама алды. Құрамында Ильфат Абдуллин, Александр Еременко және Дәулеткелді Жаңбырбай сынды мергендері бар садақ атушылар 1/8 финалда Италия спортшыларына 4:5 есебімен жол берді.

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

КІРПІК ӨСІРУ КӨЗГЕ ЗИЯН БА?

ШЕБЕР ӘРБІР ТАБИҒИ КІРПІККЕ ЖАСАНДЫ КІРПІКТЕРДІ ЖАБЫСТЫРАДЫ. ОЛ ҮШІН АРНАЙЫ ЖЕЛІМ ПАЙДАЛАНАДЫ. ОРТАША ЕСЕППЕН, МАСТЕР ӘР КӨЗГЕ 40-100 ЖАСАНДЫ КІРПІК ҚОЛДАНАДЫ.

Сапасыз материалдарды қолдану, көп мөлшерде желім пайдалану, біліксіздігі шебердің және басқа да факторлар процедурадан кейін түрлі асқынулар пайда болуын мүмкін.

Соның салдарынан қабақ ісіп кетуі, көздің мүйізгек қабығында жұқпа пайда болуы, уақытша немесе біржола кірпіктен айырылу қауіптері бар. Алайда, түрлі жағдайларға байланысты басқа да асқынулар пайда болуы мүмкін:

- Конъюнктиваның (конъюнктивит) немесе көздің мүйізгек қабығының (кератит) тітіркенуі. Мұндай реакция жасанды кірпіктермен байланыс немесе желім құрамының себебінен пайда болуы мүмкін;

- Аллергиялық реакциялар. Құрамында формальдегиді бар желім аллергия беруі мүмкін. Бұл зат денсаулыққа қауіпті болғандықтан көптеген елдерде қолдануға тыйым салынған. Формальдегид арзан да, қымбат та желімдердің құрамында болуы әбден мүмкін;

- Жұқпа жұқтыру. Жасанды кірпіктер ластық пен бактерия жинайды. Дұрыс тазаланбаған жағдайда жұқпа жұқтыруға қолайлы орта қалыптасады. Жұқпа түсуінің алғашқы белгісі – көздің қызаруы;

- Құрғақ көз синдромы. Ол кірпіктің өлшемі және ұзындығы сәйкес емес болған жағдайда пайда болады;

- Алопеция - жабыстырылған жасанды кірпіктердің ауырлығынан табиғи кірпіктердің түсіп қалуы.

Кірпік өсіру процедурасы тек эстетикалық әсер береді, ал оның көз денсаулығына қаупі жоғары. Сондықтан көзде теріскен, конъюнктивит немесе басқа да көздің қабыну аурулары болса, кірпік өсіруге болмайды.

Кәсіби маман табуға тырысыңыз. Себебі олар сапалы материалдар пайдаланады: дерматологиялық бақылаудан өткен жасанды кірпіктер мен желім таңдайды. Бұл жағдайда қауіп азаяды, бірақ жеке көтере алмаушылық жайлы ұмытпау керек. Сондықтан кірпікті өсірмес бұрын мастерден желімге аллергияңыздың бар-жоғын тексеріп көруін сұраңыз. Санитарлық нормалар қатаң сақталатын сұлулық салонын таңдаңыз. Егер бұл процедурадан соң көзіңіздің құрғақ бола түскенін, қызарғанын, тітіркенгенін немесе аллергия бергенін байқасаңыз, бірден мастерге барып, алып тастауын сұраңыз. Кірпік өсіру процедурасына бір рет барған адам оны қайталап жасай бергісі келеді. Бірақ кірпікті демалтып тұру керегін ұмытпаңыз.

КЕРЕК-ДЕРЕК

ОҚУШЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН КӨҢІЛ КҮЙІНЕ ПАЙДАЛЫ 8 ӨНІМ

Дұрыс тамақтану дене мен миға қосымша энергия береді, сондықтан оқушының рационына аса мән берген дұрыс.

Егер балаңыздың жиі ауырмағанын қаласаңыз ол шыныығуы, ауа райына сай киінуі және толыққанды тамақтануы керек. Иммунитетке жағымды әсер ететін азық-түліктер бар.

Балық

Балық — өте пайдалы өнім. Оның құрамында йод пен фосфор, сондай-ақ миға қажетті Омега-3 майлы қышқылдары бар. Бала рационында балықтың әртүрлі сұрыптарының болғаны дұрыс. Бұрыннан келе жатқан «бейсенбі — балық күні» дәстүрін жалғастырған жөн. Оқушы рационында аптасына бір рет болсын балық болуы керек.

Көкөністер

В тобының дәрумендері бұлшықеттер мен жүйке жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне өте қажет. Оқушыға физикалық және ақыл-ой жүктемесі түседі. Көк шөптер мен жасыл түсті көкөністер ең пайдалы болып саналады.

Жаңғақтар

Егер балаңыз аллергик болмаса оның рационына міндетті түрде жаңғақтар қосыңыз. Жаңғақтарда калий, кальций, магний, фосфор және темір бар. Жаңғақтар есте сақтауды жақсартады, сондықтан олар оқушының сабақты жақсы меңгеруіне көмектеседі.

Ет

Ағза өсіп, бұлшықет массасын жинап жатқандықтан балаға ет керек. Балаға тек өсімдік ақуыздары емес, сондай-ақ жануар ақуыздары да қажет. Оны жұмыртқадан және еттен алуға болады. Етте энергия беретін және гемоглабинді көтеретін аминқышқылдар, темір, фосфор және В тобының дәрумендері бар.

Сәбіз

Бұл көкөніс өсіп келе жатқан ағзаға өте пайдалы. Оның құрамында А дәруменінің көп мөлшері бар. Ол көздің жақсы көруі үшін де пайдалы. Мұғалімдер балаға өзімен бірге тіскебасар ретінде шикі сәбіз салып жіберуді ұсынады.

Ашы шоколад

Шоколад жылдам энергия береді. Ол магний, кальций, темір, фтор, фосфор және антиоксиданттарға бай. Бірақ оны десерт түрінде көп жеу ұсынылмайды. Міндетті түрде ашы шоколад таңдаңыз.

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Салима КАРИМОВА

Айзада ЕРІККЫЗЫ

Злата ГАВРИЛОВА

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 861
Индекс 15534